



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент,
5B051100-Маркетинг, 6M051100-Маркетинг білім бағдарламаларына
мамандандырылған аккредиттеу стандарттар талаптарына сәйкестігін бағалау
бойынша сыртқы сарапшы комиссиясы жұмыс нәтижесінің

ЕСЕБІ

28-30 қараша 2017 жыл

Ақтөбе 2018

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ
Сыртқы сараптамалық комиссия

АРТА
Аккредиттеу кеңесіне
арналған



Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент,
5B051100-Маркетинг, 6M051100-Маркетинг білім бағдарламаларына
мамандандырылған аккредиттеу стандарттар талаптарына сәйкестігін бағалау
бойынша сыртқы сарапшы комиссиясы жұмыс нәтижесінің
ЕСЕБІ
28-30 қараша 2017 жыл

Ақтөбе қ.

«30» қараша 2017 жыл

МАЗМҰНЫ

(I) БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	3
(II) КІРІСПЕ	4
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТУРАЛЫ	5
(IV) ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ	7
(V) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ	9
5.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты.....	9
5.2. «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты	13
5.3. «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты.....	15
5.4. «Тұрақты мониторинг және білім беру бағдарламаларын мезрімдік бағалау» стандарты.....	19
5.5. «Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты.....	22
5.6. «Білім алушылар» стандарты	26
5.7. «Профессор-оқытушылар құрамы» стандарты	31
5.8.»Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты	35
5.9. «Қоғамды ақпараттандыру» стандарты	39
5.10. Жекелеген мамандықтар шеңберіндегі стандарттар	42
(VI) КҮШТІ ЖАҚТАРЫНА ШОЛУ/ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР.....	44
(VII) САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ	46

(I) БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АКТ – Ақпараттық-коммуникативті технологиялар
АЖ – Ақпараттық жүйелер
АӨМУ – Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
ӘБҚ – Әкімшілік-басқару қызметі
ББ – Білім бағдарламалары
БжҒСБК – ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласын бақылау Комитеті
БПД – Базалық пәндер
ҒЗЖ – Ғылыми-зерттеу жұмысы
ЖБП – Жалпы білім беру пәндері
ЖЖЖ – Жеке жұмыс жоспары
ЖІЖК – Жастар ісі жөніндегі комитет
ЖОЖ – Жұмыс оқу жоспары
КБТ – Кредиттік білім беру технологиясы
КП – Кәсіптендіру пәндері
ҚБТ – Қашықтықтан білім беру технологиясы
ҚОЖ – Қашықтықтан оқыту жүйесі
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚР БжҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ҚР ҰҒА – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы
МАК – Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы
МББ – Модульдік білім беру бағдарламасы
МҒЗЖ – Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы
МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
МК – Міндетті компонент
МОӘК – Мамандықтың оқу-әдістемелік кешені
МӨЖ – Магистранттардың өзіндік жұмысы
ОӘК – Оқу-әдістемелік кешен
ОКП – Оқу-көмекші персонал
ОЖСБ – Оқу жетістіктерін сырттай бағалау
ОСӨЖ – Оқытушылардың басшылығымен жүретін студенттердің өзіндік жұмысы
ПОҚ – Профессорлық-оқытушылық құрам
ПОӘК – Пәннің оқу-әдістемелік кешені
ПрОӘК – Практиканың оқу-әдістемелік кешені
ПЭОӘК – Пәннің электрондық оқу-әдістемелік кешені
PhD – Философия бойынша Доктор/докторантура
РББ – Редакциялық-баспа бөлімі
СҒЗЖ – Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы
СӨЖ – Студенттердің өзіндік жұмысы
ТЖ – Тәрбие жұмысы
ТК – Таңдау компоненті
ТОЖ – Типтік оқу жоспары
ҰБТ – Ұлттық бірыңғай тестілеу
ЭОӘК – Электрондық оқу-әдістемелік кешен
ЭПК – Элективті пәндер каталогы

(II) КІРІСПЕ

2017 жылдың 4-6 қазан аралығында 25.09.2017 жылдың №46-17-ОД бұйрығына байланысты АРТА сыртқы сарапшылар комиссиясы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті 5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100/6M051100-Маркетинг білім бағдарламаларының АРТА мамандандырылған аккредиттеу талаптарына сәйкестігін бағалау жұмыстарын жүргізді (24.02.2017 жылы №10-17-ОД бекітілген, бесінші басылым)

Сыртқы сарапшы комиссиясының (ССК) есебі Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті ББ бағытының параметрлері мен ББ жетілдіру бойынша ССК ұсыныстарын, АРТА критерийлеріне ұсынылған білім бағдарламаларының сәйкестігін бағалауды қамтиды.

ССК ҚҰРАМЫ:

Комиссия төрағасы – Пак Юрий Николаевич, т.ғ.д., Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің профессоры (Қарағанды қ.);

Шетелдік сарапшы – Тайиров Миталип Муратович, ф.-м.ғ.д., Баткен мемлекеттік университетінің профессоры (Қызыл-Қыя қ., Қырғызстан Республикасы);

Шетелдік сарапшы – Вязьмин Юрий Николаевич, п.ғ.к., профессор, Л. және М. Ростроповичтер атындағы Орынбор мемлекеттік өнер институты, Қосымша кәсіби білім беру мен инновациялық технология орталығының директоры, Ұлттық аккредитациялық орталығының кәсіби білім саласындағы эксперттер Гильдиясының expertі (Орынбор қ., РФ);

Сарапшы – Аубакирова Жанара Яхияевна, э.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Жоғары мектеп экономикасы кафедрасының профессоры (Алматы қ.);

Сарапшы – Кулахметова Мергуль Сабитовна, филол.ғ.к., С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің доценті. (Павлодар қ.);

Сарапшы – Татаринова Лола Фуркатовна, к.ғ.к., «Тұран» университетінің доценті (Алматы қ.);

Сарапшы – Дуйсембиев Марат Жолдасбекович, х.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті (Астана қ.);

Сарапшы – Кокшинова Светлана Юрьевна, Қазақстан еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық хореография академиясы педагогика факультетінің деканы. (Астана қ.);

Студент – Башимова Мөлдір Асқарқызы, Қазақ-Орыс халықаралық университетінің 3-курс студенті (Ақтөбе қ.);

Студент – Баймагамбетова Айдана Саматқызы, Қазақ-орыс халықаралық университеті 3-курс студенті (Ақтөбе қ.);

Студент – Тыныштық Ақдана Бөлтекқызы, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4-курс студенті (Ақтөбе қ.);

Жұмыс беруші – Кунанова Дамиля Бахиткерейқызы, «Атамекен» Кәсіпкерлер палатасы адами капитал дамыту бөлімінің жетекшісі (Ақтөбе қ.);

Агенттік бақылаушы – Ниязова Гулияш Балкеновна, АРТА институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жобасының жетекшісі (Астана қ.).

(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ

Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті (Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ) Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің және Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1966 жылғы 15 сәуірде қабылданған №261 қаулысымен құрылған Ақтөбе педагогикалық институтының мирасқоры, сонымен қатар, Батыс Қазақстан өңіріндегі жетекші ЖОО бірі болып табылады. Жоғары оқу орнының өңірдің ірі білім беру, ғылыми және мәдени орталығына айналуының өзіндік тарихы бар. Университет 1966 жылы қаланған Ақтөбе педагогикалық институтының мирасқоры. 1990 жылы институтқа қазақтың тұңғыш профессор-лингвисті Құдайберген Жұбановтың есімі берілді. 1996 жылы 7 мамырда институт Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті болып қайта құрылды. 2001 жылы 31 қаңтарда университетке «мемлекеттік» деген мәртебе берілді.

ҚР Үкіметінің 03.02.2004 жылдың № 128 қаулысы бойынша Ақтөбе педагогикалық институтын құрамынан шығару арқылы университет қайта құрылды. ҚР Үкіметінің 29.05.2013 жылғы № 529 қаулысы бойынша Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті мен Ақтөбе педагогикалық институтының қосылуы негізінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті болып қайта құрылды.

Университет қазіргі заман талаптарына сай дамыған материалдық-техникалық базасымен қамтамасыз етілген: 7 оқу корпустары, ғылыми зертханалар, 826 орындық акт залы бар «Студенттер Сарайы», «Жастар сарайы», оқу-өндірістік ғимараттары, спорт кешендері, спорт ғимараттары, жүзу бассейні, 2 студенттік жатақхана, студенттік емхана, агробиостанция, инновациялық технология мен телебайланыстар орталығы үшін ғимарат, кітапхана.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ 2013 жылы 17 қыркүйекте ҚР БЖҒМ берген №13014680 мемлекеттік лицензиясына сәйкес жоғары білімнің 8 бағыты бойынша мамандарды дайындауды жүзеге асырады: «Білім беру» (22 мамандық), «Гуманитарлы ғылымдар» (4 мамандық), «Құқық» (1 мамандық), «Өнер» (2 мамандық), «Әлеуметтік ғылымдар мен бизнес» (7 мамандық), «Жаратылыстану ғылымдары» (6 мамандық), «техникалық ғылымдар мен технологиялар» (10 мамандық), «Қызмет көрсету» (2 мамандық) және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің 20 мамандығы (19 ББ магистратура, 1 ББ докторантура).

Университетте 10 факультет жұмыс жасайды (физико-математикалық, шете тілдер, жаратылыстану, филологиялық, техникалық, тарих, экономика және құқық, педагогика, кәсіби-шығармашылық және сырттай оқу факультеті). Аталмыш факультеттерде 31 кафедра қызмет атқарады.

2017 жылдың 1 қазан айында студенттер контингенті 10473 адам құрады. Оның ішінде 7808 студент күндізгі бөлімде, 2665 адам сырттай бөлімде білім алады. 2712 студент мемлекеттік грант негізінде оқиды. 4570 білім алушылар – өзге аудандар мен облыстардан, шетелден келгендер. 2017 жылы жұмысқа орналасқан түлектер саны 1682 адам (74,7%) құрады.

Жұмысқа орналасу бойынша жұмыстарды жоспарлау кезінде факультет түлектерімен кері байланыс орнатылған, түлектер контингенті, сыртқы және ішкі тұтынушылардан түскен пікірлер мен ұсыныстар ескеріледі. Талданатын кезең бойынша оқу бітірген соң бірінші жылы «Құқықтану» ББ түлектерінің жұмысқа орналасуы орташа есеппен үш жылда 81 %, «Менеджмент» ББ – 100%, 5B051100-Маркетинг - 98 %, 6M051100-Маркетинг - 100 % құрайды.

2017 жылдың қыркүйегінде Инновациялық технологиялар паркі құрылды, онда 16 ғылыми зертханалар, жобалық кеңсе, Коммерциалау офисі, «Қолданбалы математика және информатика» ғылыми-зерттеу орталығы, «Қытайтану» ғылыми зерттеу орталығы, техникалық кабинеттер, типография қызмет етеді.

Профессор-оқытушылар құрамының саны 670 адам құрайды. Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар саны 292 адам (45,8%), оның ішінде ғылым докторлары – 27 адам, ғылым кандидаттары – 252 адам, PhD – 13 адам, өнер, дене шынықтыру мен спорт саласындағы ҚР құрмет атағын иеленушілер – 6 адам, магистрлер – 194 адам.

ПО құрамының біліктілігін көтеру мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Университеттің қаржыландыру мөлшері үш жылда 2 349 055 теңге құрады. ПО құрамы мен университет қызметкерлерінің біліктілігін көтеру университетпен, соның ішінде үздіксіз білім беру институтымен ұйымдастырылады.

5B030100-Құқықтану ББ Құқықтану бітіртуші кафедрасы қамтамасыз етеді. Қазір Құқықтану кафедрасының құрамын 22 оқытушы құрайды. Штаттағы 7 оқытушының ғылыми дәрежесі бар, оның ішінде 5 құқық ғылымдарының кандидаты, 2 тарих ғылымдарының кандидаты, 4 доцент, 14 аға оқытушы, 14 магистр, 2 оқытушы. ПО құрамының сапа құрамы 32% құрайды. ПО құраманың орташа жасы – 43.

5B050700-Менеджмент ББ жүзеге асырылуын Экономика және менеджмент кафедрасының ПО құрамы қамтамасыз етеді. Штаттық кесте бойынша ПО құрамы 100% қамтылған.

Оқытушы түйіндемесі мен мінездемесінде көрініс тапқан жұмыс тәжірибесі мен базалық білімі ескеріліп жасалады. Экономика және менеджмент кафедрасы ПО құрамының базалық білімі профиль бойынша 100% құрайды. Кафедра оқытушыларының бәрінде базалық білімі бар, олардың профилі оқытылатын пәндерге сәйкес келеді. Штаттық ПО құрамының орташа жасы – 42.

ББ басшылығы ББ жүзеге асыруға қатысатын ПО құрамы үшін ЖОО кадрлық саясатын қолданатындығын көрсетеді. Кадрларды іріктеу білім бағдарламаларының қажеттілігін талдау негізінде жүзеге асырылады, соның нәтижесінде вакантты қызметке орналасуға конкурс жарияланады. ПО құрамы мен Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ қызметкерлері бос орныға орналасу бойынша конкурсы қазіргі заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

5B051100-Маркетинг ББ студенттерін дайындау Мемлекеттік басқару және маркетинг кафедрасының жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы жүзеге асырады. ПО құрамының штатын 23 оқытушы құрайды, оның ішінде 1 экономика ғылымдарының докторы, 1 PhD, 8 экономика ғылымдарының кандидаты. Кафедры бойынша ғылыми дәрежелілігі 43,5% құрайды.

Қазіргі кезде 6M051100-Маркетинг ББ бойынша сабақты кафедраның ғылыми атағы мен дәрежесі бар 8 штаттық ПО құрамы жүргізеді. Олардың ішінде: 1 – ғылым докторы, 1 – PhD, 6 – ғылым кандидаттары. Сәйкесінше ғылыми дәрежелілік 100% құрайды.

(IV) ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

ССК жұмысы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті білім бағдарламаларына мамандандырылған аккредиттеу бойынша сарапшы комиссия сапарының бағдарламасы негізінде 2017 жылы 28-30 қараша аралығында жүзеге асырылды.

Білім бағдарламаларының сапасы және ЖОО инфрақұрылымы жөнінде объективті ақпарат алу мен өзін-өзі бағалау есебінің мазмұнын нақтылау үшін ректормен, проректорлармен, декандармен, бөлім басшыларымен (академиялық мәселелер және білім сапасын бағалау департаменті, қаржы-шаруашылық департаменті, ғылыми-инновациялық бағдарламалар департаменті, үздіксіз білім беру институты, халықаралық ынтымақтастық орталығы, цифрлы технологиялар орталығы, маркетинг орталығы, қызметкерлерді басқару және заң қызметі бөлімі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі, іс-жүргізу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі, ғылыми кітапхана, оқу-әдістемелік бөлім, тіркеу офисі және т.б.), кафедра меңгерушілерімен, оқытушылармен, білім алушылармен, түлектермен, жұмыс берушілермен кездесу шаралары өтті. Кездесуге барлығы 204 адам қатысты (Кесте 1).

Кесте 1 – АРТА сыртқы сарапшы комиссиясымен кездесуге қатысқан қызметкерлер мен білім алушылар туралы ақпарат.

Қатысушылар категориясы/санаты	саны
Ректор	1
Проректорлар	3
Құрылымдық бөлім басшылары	16
Факультет декандары	5
Кафедра меңгерушілері	7
Оқытушылар	20
Студенттер, магистранттар	20
Түлектер	20
Жұмыс берушілер	20
Барлығы	112

Экскурсия кезінде ССК мүшелері материалдық-техникалық базаның жағдайымен танысып, экономика және құқық факультетінің деканатын, Құқықтану, Экономика және менеджмент пен Мемлекеттік басқару және маркетинг кафедраларын, дәріс залдарын, арнайы кабинеттерді, инновациялық технологиялар пәкіні, студенттерге қызмет көрсету орталығын, Конфуций институтын, студенттер сарайын, спорт кешендерін, студенттік емханасын, жатақхана мен университет мұражайын аралап шықты.

ССК сапары шеңберінде сабақтарға қатысу ұйымдастырылды:

5В030100-Құқықтану ББ: бакалавриат студенттері үшін «Криминалистика» пәні бойынша зертханалық сабақ. Сабақ тақырыбы силлабусқа сәйкес келеді. Жұмыс мазмұны мен ұйымдастырылуы жақсы дайындалған, оқытушы қазіргі оқытудың әдістемесін пайдаланды (мәселені шешу үшін жұмыс топтарының жағдаяттық білім беру, сонымен қатар практикалық дағдыларды оқыту үшін: «Криминалистический чемодан»).

5В050700-Менеджмент ББ: «Шетел тіліндегі бақылау әдістері мен түрлері» тақырыбында «Кәсіби бағытталған шет тілі» пәні бойынша; «Көшбасшылық стильдері: олардың артықшылықтары мен кемшіліктері» тақырыбында «Менеджмент» пәні бойынша сабаққа қатысты. Сабақ тақырыптары силлабусқа сәйкес келеді.

5В051100-Маркетинг ББ: Пәндер бойынша сабаққа қатысты: «Финансовая и денежно-кредитная системы в национальной экономике» тақырыбында «Экономическая теория»; Связь профессионального английского языка с профилирующими дисциплинами

специальности «Маркетинг» тақырыбында «Профессионально-ориентированный иностранный язык» пәнінің сабағы. Сабақ тақырыптары силлабусқа сәйкес келеді.

АРТА ССК сапары шеңберінде ұйымдастырылған шаралар сарапшылардың университет оқу инфрақұрылымымен, 5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100/6M051100-Маркетинг білім бағдарламалары кесіндісінде материалдық-техникалық ресурстармен, ПО құрамымен, жұмыс берушілер ұйымының өкілдерімен, білім алушылармен және түлектермен тиянақты танысуына мүмкіндік берді. Бұл АРТА ССК мүшелеріне университет білім бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінде келтірілген мәліметтерді АРТА мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін тәуелсіз бағалау жұмыстарын жүргізуге жағдай туғызды.

ПО құрамы, студенттер мен магистранттар арасында сауалнама жүргізілді.

2 кластер білім бағдарламаларының тәжірибе базаларына бару ұйымдастырылды:

Құқықтану, Экономика және менеджмент, Мемлекеттік басқару және маркетинг кафедраларының филиалдары: «Ақтөбе облысының Әділет Департаменті» ММ; «Ақтөбе облысы бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту фонды»; «Hotel Dastan» ЖШС.

Кластер ББ тәжірибе базалары: Ақтөбе облыстық соты; «Каспий банк» АҚ; «Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ.

ССК жұмысы үшін барлық жағдайлар жасалған, барлық қажетті ақпараттық қорға қолжетімділігі ұйымдастырылған.

АРТА ССК сапары шеңберінде ұйымдастырылған шаралар сарапшылардың университет оқу инфрақұрылымымен, материалдық-техникалық ресурстармен, ПО құрамымен, жұмыс берушілер ұйымының өкілдерімен, білім алушылармен және түлектермен тиянақты танысуына мүмкіндік берді. Бұл АРТА ССК мүшелеріне университет білім бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінде келтірілген мәліметтерді АРТА мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін тәуелсіз бағалау жұмыстарын жүргізуге жағдай туғызды.

Жоспарланған бағдарлама шеңберінде университет қызметін жетілдіру бойынша ССК әзірлеген ұсыныстар 2017 жылы 30 қарашада басшылықпен кездесу барысында таныстырылды.

(V) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІЛІК

5.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты

Дәлелдеме бөлімі

5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг, 6M051100-Маркетинг ББ қызметі ҚР БЖҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің мемлекеттік лицензиясы мен қосымшасы негізінде, сонымен қатар, жоғары білім беру саласында ҚР нормативті-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады: 27.07.2007 жылғы ҚР «Білім беру туралы» Заңы (24.11.2015 жылғы толықтырулармен және қосымшылармен); 2016-2019 жылдарға арналған ҚР Білім беру және ғылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасы (27 ақпан 2016 жылғы №123 ҚР Үкіметінің Қаулысы).

Білім алу мемлекеттік және орыс тілдерінде, орта білім, орта-кәсіби және жоғары білім негізінде, күндізгі және сырттай (сонымен бірге дистанциондық білім беру технологияларын пайдаланумен қоса) оқу түрі бойынша жүргізіледі.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ академиялық қызметін реттейтін құжат университеттің Ғылыми кеңесі отырысында бекітілген (№6 хаттама, 13 қаңтар 2016 ж.) «Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ академиялық саясаты» жинағындағы ережелер мен нұсқаулықтар ретінде берілген.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде 2017 жылы білім бағдарламаларын басқару бойынша қағидаларын айқындайтын және бітіртуші кафедралардың жұмыс жоспарларында, 5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100/6M051100-Маркетинг білім бағдарламаларының даму жоспарында көрініс табатын «Сапа саласындағы саясаты» (Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген №11 хаттама 10 мамыр 2017 ж.) қабылданды.

Университет миссиясы – ҚР және батыс өңірінің еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті, қазақстандық патриотизм рухында тәрбиеленген мамандарды дайындау.

Университет көрінісі: батыс өңірінің рухани орталығы мен ұлттық ЖОО дәрежесіне бағдарланған мемлекет шеңберіндегі бәсекеге қабілетті университет дамуы.

Қарастырылып жатқан бағдарламалардың дамуы мен жүзеге асырылуы, бірінші кезекте, университет миссиясы, көрінісі, даму стратегиясымен және ББ Даму жоспарларымен анықталады.

Білім бағдарламаларын басқару ҚР БЖҒМ нормативті-құқықтық құжаттарына, 2016-2019 жж. арналған ҚР мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасына, 2017-2021 жж. арналған Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ миссиясы мен Стратегиялық даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім бағдарламаларының даму индикаторларына мониторинг жүргізу оларды жетілдірудің негізі болып табылады және Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ қызметінің бағыты бойынша көпшілік қабылдаған процедуралар арқылы жүзеге асырылады:

Түрлі деңгейде өткізілетін білім беру процесі сапасын бақылау шаралары жазба, акт, анықтама, есептер және т.б. түрінде бекітіліп, кафедра отырыстары мен Факультет кеңестерінде талқыланады. Олардың тиімділігі мен нәтижелілігі Құқықтану кафедрасы мен Экономика және құқық факультетінің кеңесі отырыстарында қарастырылады.

Жүзеге асырылып отырған ББ даму жоспары экономика және құқық факультетінің кеңесі отырысында бекітілді, ББ дамуының стратегиялық бағыттары, шаралар, көрсеткіштер мен жауапкершілік қамтылған.

Өкілеттіктерді табыстай және жіктей отырып, ЖОО сайтында ақпарат орналастыра

отырып, ББ даму жоспарының тиімділігін соңғы нәтиже үшін жауапты ПО құрамы қамтамасыз етеді.

ББ басшылығы ББ даму бағытын анықтау мен оларды басқаруға жұмыс берушілер өкілдерін тартады.

ББ басқару үшін қажетті ақпараттық, кадрлық, қаржылық және материалды-техникалық қорлар, сонымен қатар, ББ жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық құжаттамалар қолжетімді.

ББ басқаруға кіреді: ББ басқару; «Univer» ААЖ арқылы оқу контентін басқару; ПО құрамы мен білім алушылар жеке кабинеттерінің мазмұнын басқару; жұмыс оқу жоспары мен білім алушылардың жеке оқу жоспарын ескере отырып кестені басқару.

Жұмыс берушілер, соның ішінде мемлекеттік құрылымдар (Ақтөбе қ. Прокуратурасы, Ақтөбе қ. Әділет Департаменті, Ақтөбе облысының Медиация Орталығы және т.б.) 5B030100-Құқықтану ББ жасақтауда оқытылатын пәндерге қатысты өздерінің ұсыныстарын енгізу арқылы, өздері жасақтауда ат салысқан ББ түлектерін жұмысқа қабылдау негізінде белсенді қатысады.

5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг, 6M051100-Маркетинг ББ жасақталуы стейкхолдерлермен жүзеге асырылады. Жұмыс берушілер тарапынан элективті пәндер курсы енгізуге ұсынылды: 5B050700-Менеджмент ББ – «АХҚЗ» АҚ, «Қазақойл» ЖШС, «Ақтөбе облысы бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту фонды» АҚ («Өндірістік сала экономикасы», «Өнеркәсіп экономикасы», «Эккаутинг менеджменті», «Инновациялық кәсіпкерлік»); 5B051100-Маркетинг – «Дастан» ЖШС, «Маркетингтік жоспарлау».

5B051100-Маркетинг, 6M051100-Маркетинг ББ «Нұрбанк» АҚ Ақтөбе филиалымен және «Тарлан» көппрофильді колледжімен «Конкурентная стратегия предприятий услуг», «Деловые принципы управления маркетингом» пәндері енгізілді.

Менеджмент ББ даму жоспарының бірегейлігі мен даралығы Экономика және менеджмент кафедрасының «Кәсіпкерлік ЖОО» жобасын ALMA University Алматы Менеджмент Университетімен (Халықаралық бизнес академиясы – ХБА), Е.А.Букетов атындағы ҚарМУ-мен, «Жастар кәсіпкерлігінің экожүйесін құру» жобасы шеңберінде Қазхром ТҰК, Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі (ССТБӨБ), Қазақстан Алюминийі, Қазақстан электролиз зауыты, Еуроазиаттық энергетикалық корпорациясы (ЕЭК), ТрансКом және Шұбаркөл Көмір кіретін, тау-кен қазу өнеркәсібі, өңдеуші, энергетикалық, транспорттық және маркетингтік кәсіпорындар интеграцияланған пайдалы қазбаларды қазу мен байыту саласында диверсификацияланған компаниялар тобының жетекшісі болып табылатын «Еуразиялық Топ» ЖШС-мен бірлесе отырып жүзеге асыруынан көрініс табады.

Кәсіпкерлік ЖОО жобасы шеңберінде 6M051100-Маркетинг ББ ПО құрамы «Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ, «Даму» фонды бизнес құрылымдары өкілдерінің қатысуымен тренингтер, мастер-класстар өткізді. Мысалы, «Isait Group» ЖШС директоры А.Нурсультанов «Онлайн продажа» тақырыбында тренинг өткізді.

ББ тиімді жүзеге асырылуы мен оның қызметінің жалпы ЖОО жұмысымен сәйкестілігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады:

- Орталықтандырылған жоспарлау (жүзеге асырылатын ББ ерекшелігі мен кафедра қорының әлеуетін (ПО құрамы, қолданылатын технологиялар, корпоративтік байланыстар, мазмұны (оқыту процесіне, ғылыми қызметке, жұмысқа орналасуға көмектесу, тәжірибе ұйымдастыру, тағылымдама және т.б.) бейнелейтін даму көрсеткіштерін кафедралар жеке айқындау құқығы берілген);

- Барлық бөлімшелер үшін бірегей мониторинг пен есептілік жүйесі;
- Оқу процесін ұйымдастыру мен еңбек қызметі жағдайымен қанағаттануы бойынша ПО құрамы, білім алушылар мен қызметкерлер арасында сауалнама жүргізу (оқу процесі мен ЖОО инфрақұрылымы бойынша жауапты бөлімдер қызметінің жұмысын бағалауы енеді); мамандарды дайындау сапасы бойынша жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізу.

Талдама бөлімі

Сонымен қатар, комиссия өзін-өзі бағалау есебінде осы стандартқа қатысты келесі мәселелер толық бейнеленбегендігін және ССК сапары барысында дәлелденбегендігін көрсетеді.

Өзін-өзі бағалау есебінде «даму стратегиясының өзгеруіне байланысты сапа саясатының өзгеруінде көрініс тапқан» өзгерістер қатары жөнінде сөз айтылған болатын.

Бұл, функциялардың қайталанбауын болдырмау мақсатында 2015-2016 оқу жылының басында Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ ұйымдастырушы-басқарушылық құрылымы оңтайландырылғандығымен дәлелденеді (Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген №2 хаттама 30.09.2014 ж.). Соңғы өзгерістер 2017 жылдың мамырында егізілді (ҒК хаттамасы №11, 10.05.2017 ж.).

Университет құрылымын оңтайландырғаннан кейін Экономика және құқық институты экономика және құқық факультеті атауына өзгерді. Оның құрылымында аккредиттелетін ББ бітіртуші кафедралары болып табылатын Құқықтану, Экономика және менеджмент, Мемлекеттік басқару және маркетинг кафедралары жұмыс жасайды.

Сонымен қатар ССК сапары кезінде ұсынылған ақпарат сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің дамуын, соның ішінде аккредиттелетін ББ кесіндісінде бағалауға мүмкіндік бермеді.

Мердігерлер мен әріптестер (аутсорсинг) орындайтын кез-келген қызметте, сонымен қатар, бірлескен/екідипломдық білім беру мен академиялық ұтқырлықты жүзеге асыруда сапаны қамтамасыз ету бейілділігі бойынша материалдар ұсынылған жоқ.

Түсінікті және нақты тұжырымдалған Мақсаттар мен оқыту нәтижелері ББ дамуы үшін бастапқы пункті және орталық ұсынысы болып табылады. Бірақ, ББ Даму жоспарында көрсетілген Мақсаттар жалпылама сипаттамада және тек сандық көрсеткіштер негізінде ажыратылады.

ББ дамуының сандық көрсеткіштерінде ішінара жоспар даралығы көрініс табады, сонымен бірге ББ даму жоспары индивидуалдылығы мен бірегейлігінің тұжырымдалуы және ұлттық даму басымдықтарымен, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ даму стратегиясымен сәйкестілігі талдап тексерілмеген. Өзін-өзі бағалау есебінде өзге ЖОО-ның ұқсас білім бағдарламаларының алдында аккредиттелуге ұсынылған әр ББ артықшылығы мен даралығы нақты неде екендігі көрініс тапқан жоқ және ББ басшылары арасындағы сұхбаттасу барысында расталмады.

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандартының бағалау критерийлерінің мазмұны мен мағыналық жүктемесі түрлі қызметтің саласында Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-де сапаны жақсарту бойынша қолданылатын шаралардың көрінісі болып табылады. Университет әр қызмет үшін жалпы жоғары оқу орнының сапа тұжырымдамасын (жарияланған сапаны қамтамасыз ету саясаты, сапаны қамтамасыз ету жүйесі) табыстады. Университетте әр қызмет саласы бойынша сапа тұжырымдамасы болғанымен, жобалау, басқару мен мониторинг, факт негізінде оларды жетілдіру мен шешім қабылдау негізінде бизнес-порцестерді және оларға жауаптылардың сипаттамасы жоқ. Сапа жүйесін

толыққанды жүзеге асыру үшін ЖОО мақсаттар мен қалаулы мақсаттарды, сонымен қатар, қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерді анықтау қажет. Жүзеге асырылатын ББ тап болғыш болып келетін, мүмкін болатын қауіп-қатерлерге қатысты ақпаратты білу осындай қауіп-қатерлерге қарсы алдын-алу шараларын өндіруге мүмкіндік береді.

Алайда ССК мүшелеріне қауіп-қатерлерді анықтау процесіне қатысты растайтын құжаттар табысталмады.

Білім беру менеджменті бағдарламасы бойынша ББ басшыларының курстан өту ақпараты келтірілмеген.

Күшті жақтары/үздік тәжірибелері:

ББ даму жоспарының қалыптастыру механизмдерінің жұмыс жасауы мен мерзімді қай қаралуының, оны жетілдіру мен оны жүзеге асыру мониторингінің, оқыту жетістіктерінің бағалары, жұмыс берушілер мен қоғам қажеттіліктеріне сәйкестігінің, ББ үнемі жетілдіруге бағытталған шешімдерді қабылдаудың ашықтығы көрініс табады.

Университетте инновацияларды басқару жұмысы мен ББ шеңберінде инновациялық процестерді енгізу тиісті деңгейде қойылған.

ББ басшылығы білім алушылар, ПО құрамы, жұмыс берушілер мен өзге мүдделі тұлғалар үшін қолжетімділік пен ашықтық қағидасын ұстанатындығын көрсетті.

Сапа кепілдігінің саясаты жарияланған.

ББ даму жоспары мен қолда бар қорлардың сәйкестілігі.

ББ басшылығы жұмыс берушілермен өзара қарым-қатынас орнатылған.

5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг, 6M051100-Маркетинг ББ бірқатар элективті пәндер ағылшын тілінде жүргізіледі.

5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг, 6M051100-Маркетинг ББ білім алушылары екідипломдық білім беру шеңберінде әлеуетті екінші білім алуға мүмкіндіктері бар.

ССК ұсыныстары:

1. Сапаны қамтамасыз ету тұрғысынан мердігер мен әріптестердің (аутсорсинг), соның ішінде белгіленген бағыт бойынша атқарылатын қызметке қатысты бола отырып, бірлескен/екідипломдық білім беру мен академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру процесін белсендіру.

2. ББ жүзеге асыру кезінде тауындайтын қауіп-қатерлерді басқару, мониторинг критерийлері мен алдын-алу тәсілдерін қамтитын университетшілік жүйені әзірлеу.

3. Университет даму стратегиясына сәйкес ББ даму жоспарын ескере отырып аккредиттелетін ББ бірегейлік пен даралық нышандарын көрсету.

4. Жауаптылардың жауапкершілігін көтеруде және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауда ғылыми кеңестің рөлін күшейту.

5. ББ басшылары үшін білім беру менеджменті бағдарламасы бойынша оқу курстарын өткізуге жағдай жасау.

6. 6M051100-Маркетинг ББ бойынша білім алушылар контингентін көтеруге бағытталған кешенді шараларды қабылдауға байланысты жұмысты күшейту.

5B030100-Құқықтану үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 6, қанағаттанарлық – 6, жақсартуды қажет етеді – 5; 5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 8, қанағаттанарлық – 4, жақсартуды қажет етеді – 5; 6M051100-Маркетинг үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 8, қанағаттанарлық – 10, жақсартуды қажет етеді – 5.

5.2. «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты

Дәлелдеме бөлімі

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-де ақпаратты жинау мен талдау құралы ретінде «Univer» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі қолданылады («Univer» ААЖ). «Univer» ААЖ арқылы мәліметтерді интеграциялау ЖОО жедел және стратегиялық басқаруға арналған ақпаратты алуды қамтамасыз етеді.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ ақпаратты басқару, сонымен қатар, ақпаратты талдау және жинақтауды енгізді: Университет пен оның құрылымдық бөлімдері қызметін ақпараттық қамтамасыз ету және Университет қызметі туралы БАҚ арқылы жағымды бұқаралық пікір қалыптастыру үшін жауапкершілікті алған арнайы қызмет жұмыс жасайды; университет пен оның құрылымдық бөлімдері қызметін жариялау жұмысында журналистерге жәрдемдесу; БАҚ мониторинг жүргізу, Университет қызметінің мәселелері бойынша қоғамдық пікірлердің өзгеру тенденциясын зерттеу және оған БАҚ ықпал етуін бағалау.

Сайттың жалпы ақпараттық бөлімінде университет, оның құрылымы мен университет қабырғасында болып жатқан оқиғалар туралы мәліметтер қамтылған.

Университетте барлық кезеңдегі әр студенттің оқу процесі бойынша толық ақпарат көрсетілген «Univer» бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесі қызмет етеді. Барлық пәндер бойынша жетістіктерді, GPA есепке алу жүргізіледі, бұрықтар мен хабарландырулар орналастырылады. Іздеу жүйесімен әр студент пен оқытушылар бойынша ақпараттар, түрлі критерийлер бойынша есептер көрсетілген. «Univer» ААЖ және порталда орналастырылған барлық ақпараттар тек қызметкерлер мен студенттерге емес, сонымен қатар білім алушылардың ата-аналары үшін қолжетімді. ЖОО қызметін ұйымдастыруда жағымды сәті ретінде («бір терезе» қағидасы бойынша жұмыс жасайтын Студенттерге қызмет көрсету орталығының ашылуы болып табылады.

Университеттің интернет-қорына хакерлік шабуылдардың алдын алу мақсатында сервистің жұмысқа қабілеттілігі үшін жауап беретін қызмет жағдайына мерзімді мониторинг жүргізіледі, қорлар мен желілік операциялық жүйелерге пайдаланушылардың қолжетімділігіне шектеулер енгізілген.

Университеттің білім алушылары, жұмысшылары мен ПО құрамы жеке мәліметтерін өңдеуге келісімін рәсімдейді, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ қызметінің заңдылығын «Жеке мәліметтер мен оны қорғау» ҚР заңы (№ 94-V , 21 мамыр 2013 жыл) растайды.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ 2014 жылдан бастап университет түлектерінің мүдделерін біріктіруге бағытталған, мүдделердің ортақтастығымен айқындалатын қызметті жүзеге асыру үшін шақырылатын Түлектер ассоциациясы жұмыс жасайды.

Сауалнама қорытындылары бойынша ББ, кафедра мен жекелеген оқытушылар қызметінің нәтижесімен, ЖОО әкімшілігімен, факультет басшыларымен орнатылған қарым-қатынасымен қанағаттану көрсеткіштері талданады. Алынған ақпарат негізінде кафедра, факультет, университет өз қызметіне түзетулерді енгізеді, ББ тиімділігіне 5B050700-Менеджмент, 5B051100/6M051100-Маркетинг қол жеткізеді. Сауалнама қорытындылары оқу-әдістемелік кеңесте, университеттің ғылыми кеңесінде, кафедра отырыстарында қарастырылады және талқыланады.

5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг ББ қызметін талдау құралының бірі ретінде студенттер, жұмыс берушілер мен оқытушылар арасында жыл сайын жүргізілетін әлеуметтік сауалнама болып табылады. Факультетте қабылданатын мәлімет пен оның толықтығы жайында үнемі түрде білім алушылар арасында үнемі

сауалнама жүргізіледі.

2017-2018 оқу жылында 5B030100-Құқықтану ББ бойынша мемлекеттік грант негізінде 6 адам білім алады.

2016-2017 оқы жылында 5B050700-Менеджмент ББ 56 студент білім алды, олардың ішінде 3 студент – мемлекеттік білім беру гранты бойынша. 5B051100-Маркетинг ББ контингентінің жоғарылау тенденциясы байқалады. 2016-2017 оқы жылында ББ 54 студент оқиды, оның ішінде 2 – мемлекеттік білім беру гранты бойынша.

Аккредиттелетін 5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг ББ бойынша білім алатын студенттер контингентінде жоғарылау тенденциясы бар.

Осы мамандықтарға сұраныстың үлкен жетістігі мен көрсеткіші ретінде аккредиттелетін ББ бойынша студенттер контингентінің соңғы үш жылдағы көрсеткіштері дәлел болып отырғандығын қуанышпен көрсетуге болады.

1. Оқытудың күндізгі формасы бойынша мемлекеттік тілде білім алатын студенттер санының көбеюі;

2. Жоғары кәсіби білім базасында сырттай оқу формасының студенттер санының көбеюі.

Жұмысқа орналасу бойынша шараларды жоспарлау кезінде факультет түлектерімен кері байланыс орнатылған, түлектер контингенті, сыртқы және ішкі тұтынушылардың түскен сұраныстар мен ұсыныстар ескеріледі. Талданатын мерзім бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы 5B030100-Құқықтану – 81%, 5B050700-Менеджмент – 100%, 5B051100-Маркетинг – 98%, 6M051100-Маркетинг – 100 % құрады.

Талдама бөлімі

ББ «Ақпаратты басқару және есептілік» стандартының мазмұны мен мағынасын талдай отырып, комиссия университеттің кафедра отырыстарында, ректорат пен ғылыми кеңесте үнемі көрініс табатын студенттерді қабылдауға байланысты ақпарат пен есептілікті, білім жетістіктерін, контингент жылжуын, кадр құрамын, ПО құрамы мен студенттердің академиялық ұтқырлығын басқару жүйесі жүзеге асырылып жатқандығын көрсетеді.

Сонымен қатар, өзін-өзі бағалау есебінде осы стандартқа қатысты бірқатар мәселелер толық бейнеленбеген және ССК жұмысы барысында дәлелденбеген.

Ақпаратты басқару процесін құжаттандыру, оның қызметі үшін жауаптылар, ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру үшін нақты ақпараттың дәл және жүйелі қолдануын растайтын мағлұмат толыққанды көрсетілмеді.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ түлектерімен сұхбаттасу барысында университет түлектерімен кері байланысты алу мақсатында жұмысты белсендіруді ұсынылды, бұл өз кезегінде 2014 жылдан бастап жұмыс жасайтын ассоциацияның түлектермен байланысы мен оларды тарту тиісті деңгейде жүргізілмейтіндігін растайды.

Күшті жақтары/үздік тәжірибелері:

Ғылыми жобаларды жүзеге асыру және алқалы органдар мен құрылымдық бөлімдер, жоғары басшылық қызметін, ББ басқарудың мерзімділігі, түрлері мен бағалау әдістері белгіленген.

ББ шеңберінде жинақталатын және талданатын ақпарат форма мен түрлер кесіндісіндегі білім алушылар контингентінің динамикасын ескереді.

ЖОО-ғы оқыту сапасы мен ББ жүзеге асыру бойынша білім алушылардың қанағаттану дәрежесін анықтау жұмысы тиісті деңгейде қойылған.

Өз келісімін құжатта растайтын ПО құрамы мен қызметкерлердің, білім алушылардың жеке мәліметтерін жарғылық мақсатта келешекте жүйелеу мен қолдану үшін ақпаратты заң бойынша өңдеу мен жинақтау процедурасы жолға қойылған.

Білім алушылар үшін білім беру қорлары мен қолдау жүйелерінің қолжетімділігі көрсетілді.

5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг; 6M051100-Маркетинг үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 5, қанағаттанарлық – 12.

5.3 «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты

Дәлелдеме бөлімі

5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг ББ жүзеге асырылуы еңбек нарығының қажеттіліктерін қамтамасыз ететін бакалавр мен магистр біліктілік шеңберіне сәйкес келетін болашақ түлектердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-де ББ қалыптастыру процесі аккредиттелетін ББ мазмұны мен құрылымын дайындауды, есепті дайындау мен жүзеге асырылуы бойынша ақпараттың талдауын, ББ жүзеге асырылуы негізіндегі шешім жобаларын келісілуін, ескертпе мен ұсыныстарды талдап қорытуды, басшыларға қорытындылар ұсынуды қамтиды. ББ қарастыру мен бекіту факультет кеңесінде, оқу-әдістемелік кеңесте және университеттің ғылыми кеңесінде жүзеге асырылады.

ББ әзірлеуде, бекітуде, өзгерту мен толықтыруда студенттер таңауды үшін ЭПК-ға элективті курстарды ұсына алатын барлық мүдделі тұлғалар қатыса алады. Тиісті оқу жылына арналған элективті пәндер каталогында көрініс табатын және жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі бекітетін білім бағдарламаларының жаңартылуы жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес жүргізіледі. 5B030100-Құқықтану ББ білім алушылардың тәжірибе базасы ретіндегі ұйымдар ұсынысы бойынша жаңа пәндер енгізілді. Осылайша, 2016-2017 оқу жылының ЭПК-не Ақтөбе облысының Медиация орталығының ұсынысымен «Медиация» пәні, Ақтөбе облысының мемлекеттік қызмет істері агенттігімен - «Основы антикоррупционной деятельности» және «Правовое регулирование государственных закупок» пәндері енгізілді. ББ жасақтауда студенттер қатысады. Осылайша, бакалавриаттың аккредиттелетін бағдарламалары бойынша өндірістік тәжірибе өткен соң 5B030100-Құқықтану ББ студенттерінің ұсынысымен келесі элективті пәндер енгізілді: «Актуальные проблемы гражданского процесса», «Исковое производство в гражданском процессе», «Детективная деятельность в РК», «Суд присяжных: историческая и современная практика», «Миграционное право» (Құқықтану кафедрасы отырысының хаттамасы №5, 9.01.2017 ж.).

Білім беру бағдарламаларының анықтаушы негізі Түлек моделі сипаттайтын мақсат, білім, іскерлік, дағды, құзіреттілік, жеке қасиеттер жүйесі болып табылады (кафедралар отырыстарының хаттамасы: ЭжМ - №13, 07.06.2017 ж., МБжМ - №10, 09.06.2017 ж.). ББ әзірлеуде, бекітуде, өзгерту мен толықтыруда студенттер таңауды үшін ЭПК-ға элективті курстарды ұсына алатын барлық мүдделі тұлғалар қатыса алады. 2017-2018 оқу жылының модулдік оқу бағдарламасында оң пікірлер көрсетілген әлеуетті жұмыс берушілердің рецензиялары бар: Ә.М.Сабыр – «Даму кәсіпкерлікті дамыту фонды» АҚ өңірлік филиалының құзіреттілікті көтеру бағдарламасы бойынша бас менеджері.

ББ қалыптастыруда жұмыс берушілердің қатысу үлгісі болып табылады:

- 5B050700-Менеджмент ББ бойынша 2016-2017 оқу жылының ЭПК-не «АХҚЗ»

АҚ Басқарма төрағасы А.А.Химичтің ұсынысы бойынша «Экономика производственных отраслей», «Экономика промышленности» пәндері енгізілді (Экономика және менеджмент кафедра отырысының хаттамасы №10, 14.04.2015 ж.); 2017-2018 оқу жылының ЭПК-не «Қазақойл» ЖШС инвестициялық жоспарлау бөлімінің бас маманы Г.У.Дельманованың, «Даму кәсіпкерлікті дамыту фонды» АҚ өңірлік филиалының құзіреттілікті көтеру бағдарламасы бойынша бас менеджері Ә.М.Сабырдың ұсынысымен келесідей элективті пәндер енгізілді: «Эккаутинг менеджмент», «Инновационный предпринимательство» (Экономика және менеджмент кафедрасы отырысының хаттамасы №9, 23.04.2016 ж.).

- 5B051100/6M051100-Маркетинг ББ ЭПК-не жұмыс берушілерден пәндер ұсынылды: Осылайша, 2016-2017 оқу жылының ЭПК-не «Нұрбанк» АҚ өкілдерінің ұсынысымен «Деловые принципы управления маркетингом» пәні берілді. «Dastan Hotel Aktobe» ЖШС өкілдері 6M051100-Маркетинг ББ оқу процесіне «Тарлан» көпсалалы колледжінің ұсынысы бойынша «Конкурентная стратегия предприятий услуг» элективті пәні енгізілді. Жұмыс берушілер ұсынған пәндер қарастырылып, аккредиттелетін ББ ЭПК-не осы оқу жылында енгізілді (№5 хаттама, 09.01.2017 ж.).

Оқу жоспарларына осы пәндердің енгізілуі жұмыс берушілер талап ететін білім бағдарламалары бойынша түлектердің кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыруға жағдай жэасайды.

Білім бағдарламаларын жасақтауда 5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100/6M051100-Маркетинг ББ жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін студенттер де қатысады.

5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100/6M051100-Маркетинг ББ бойынша білім алушыларды дайындау сапасының негізгі сарапшысы ретіндегі жұмыс берушілер ББ талдау мен түзетуін және оқыту бағыттарын жүзеге асырады.

Өндірістік тэжірибе қорытындысы бойынша базалық кэсіпорындар өкілдерінің қатысуымен 5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100/6M051100-Маркетинг ББ түлектері өндірістік тэжірибе бойынша өздерінің есептерін қорғайды. Өздерінің өндірістік есептерін үздік қорғаған студенттер университет бітірген соң аталмыш кэсіпорындар мен ұйымдарда жұмысқа орналасуларына мүмкіндігі болады.

5B030100-Құқықтану, 5B051100-Маркетинг, 6M051100-Маркетинг ББ түлектері қазіргі кезде басшылық қызметтерді атқарады. Мэселен, 5B030100-Құқықтану ББ түлектері: Л.А.Уразбаева – Ақтэбе облысының білім беру департаментінің басшысы, С.П.Шинтасова – қалалық мэслихат депутаты, А.Жэмиев – қалалық сотының судьясы, Б.Рахметов – ҚР ҰҚК Департаменті ұйымдасқан қылмыстық топтары мен есірткі құрылымдарына тойтарыс беру бөлімінің басшысы, Б.А.Есмахан – «Діни істер басқармасы» ММ жетекшісі, К.Абжетов – Ақтэбе облыстық сот канцеляриясының меңгерушісі және т.б.

5B051100-Маркетинг бойынша: Г.Кобландин – Ақтэбе облысы Ембі қ. әкімі, А.Сейтжапарова – Ақтэбе қаласы мемлекеттік кіріс комитеті департаментінің бас маманы, С.Мажитов – Инвестиция және даму Министрлігінің Ақтэбе облысы бойынша Индустриалды даму және өнеркэсіптік қауіпсіздік комитеті департаменті әкімшілік-қаржы жұмысы бөлімінің бас маманы, И.Кенжебаева – «Ақтэбе қаласы архитектура және қала құрылысы бөлімі» ММ бухгалтері, Е.Имашев – «Мұғалжар районы Құмсай округі аппараты» ММ бас маманы, А.Лакиза – «Керуен Сити» ЖШС маркетингологы, П.Нұрланқызы – «Ақтэбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС маркетингологы, А.Иманғалиев – «АвтоМАГ» компаниясының PR-менеджері және т.б.

2016-2017, 2017-2018 оқу жылдарында 5B050700-Менеджмент, 5B051100/6M051100-Маркетинг ББ білім алушылары «Начинающий предприниматель» курсы бойынша дистанционды оқып, тиісінше сертификаттар алды.

6M051100-Маркетинг ББ 2014-2015 оқу жылынан бастап Санкт-Петербург ақпараттық технологиялар, механика және оптика университеті «Экономическое развитие и современные концепции» тақырыбында ұйымдастырған семинарға қатысты.

ССК жұмысы процесінде өкілдері аккредиттелетін ББ бойынша шешімдерді тұжырымдау мен қабылдауда алқалы органдар отырыстарына қатысатын «Студенттік деканат» жұмысы расталды.

Аккредиттелетін ББ бойынша оқыту кезінде оқыту мүмкіндіктерін арттыратын және жоғары білікті мамандарды қалыптастыру үшін ЖОО-ның маңызды бағыттарының бірі болып табылатын мультимедиялық ақпаратты табыстау қолданылады. Кафедра ПО құрамы сессиялау, ПОӘК, МОӘК, кафедраның жылдық есебінде көрініс табатын келесідей оқыту технологияларын пайдаланады: модульдік оқыту, инновациялық іскерлік ойын, мәселелік оқыту, жобалық технология, сыни ойлауды дамыту қағидалары.

Оқу жоспарын, элективті пәндер каталогын, сабақ кестелерін, білім алушылардың жеке жоспарларын, ББ жүзеге асыруын реттейтін нормативті құжаттарды, білім алушылар мен жұмыс берушілер арасында жүргізілетін сауалнамаларды талдау негізінде білім бағдарламаларының сапасын бағалау жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орнында ББ бойынша түлек моделі қалыптастырылған, түлектер моделін жасақтауда кафедра ПО құрамы, ЖОО түлектері мен студенттері қатысты. Аккредиттелетін бағдарламалар бойынша модельдер жалпы, кәсіби құзіреттіліктерді қамтиды және тиісті модульдік білім бағдарламалары құрылымына кіреді. Білім бағдарламаларын жасақтау әдіснамасы бір жағынан еуропалық оқыту жүйесін енгізуге және келесідей қағидаларға негізделеді:

1. Дублиндік дескрипторлар мен еңбек нарығы сұранысын ескере отырып көпдеңгейлі білім беру мазмұнын түсіну.
2. Құзіреттілік тәсіл білім бағдарламаларын жобалаудың негізі ретінде.
3. Дублиндік дескрипторлар негізінде білім бағдарламаларын қалыптастырудың модульдік қағидасы.

Университетте оқу жоспарының келесідей түрлері бар: типтік оқу жоспары (ТОЖ), жұмыс оқу жоспары (ЖОЖ). Оқу жоспарлары барлық оқу кезеңіне арналған мамандық бойынша типтік оқу жоспарлары, мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары мен Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесіне негізделіп жасақталады. ҚР ЖМБС сәйкес оқу жоспарларында ЖБП, БП, кәсіптендіру пәндері циклі көлемінің ара салмағы сақталған.

Аккредиттелетін ББ мазмұны мен құрылымы 2013 жылы 17 мамырда №499 ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметін ұйымдастырудың типтік ережелер талаптарына, 2012 жылы 23 тамызда №1080 ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген ҚР ЖМБС, 20.04.2011 жылы №152 ҚР БЖҒМ қаулысымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесіне, оның тиісті өзгерістеріне сәйкес қалыптастырылған.

Білім алушылардың жеке білім беру траекториясын қалыптастыру эдвайзердің көмегімен әр оқу жылында ҚР ЖМБС, ТОЖ мен ЖОЖ негізінде жүзеге асырылады.

Модульдік білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын барлық оқу кезеңіне мамандықтың типтік оқу жоспарлары, түлектер моделі негізінде бітіртуші

кафедралар жасақтайды. Сауалнама қорытындысы бойынша ПО құрамының 100% ББ жаңартылуы бойынша жұмыс жақсы жолға қойылған деп есептейді. Білім алушыларға жүргізілген сауалнама бойынша респонденттердің 97,4% оқу курстарын құрылымдылығын және нақтылығын көрсетеді.

ББ 3 жылға бекітіледі. ББ негізінде жыл сайын жұмыс оқу бағдарламалары құрылады және бекітіледі. Элективті пәндер каталогы (ЭПК) бітіртуші кафедра жасақтайды және Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ оқу-әдістемелік кеңесінде бекітіледі. ЭПК-да пәннің қысқаша сипаттамасы, пререквизиттер мен постреквизиттер көрсетілген. ЭПК кафедралар мен ғылыми кітапханаларда қолжетімді.

МББ-да жалпы және арнайы құзіреттіліктерді қалыптастыруды қамтамасыз ететін циклдарды, пәндерді, тәжірибелер меңгерудің, қорытынды аттестация, дипломдық жұмысты қорғаудың логикалық сабақтастығы көрініс табады. Қазақстандық және ECTS кредитінде, сонымен қатар дәрістер, зертханалық, практикалық (семинар) сабақтары, оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы мен студенттің өзіндік жұмысы, кәсіби тәжірибенің барлық түрлері, аралық аттестация бөлінген сағаттарында циклдің пән сыйымдылығы көрсетілген.

Мамандарды дайындауда, әсіресе кәсіби құзіреттіліктерінің қалыптасуында ТОЖ қарастырылған тәжірибенің түрлері маңызды рөл атқарады. Практика аяқталған соң студенттер тәжірибе базасының басқарушысы қол қойған есеп пен күнделікті кафедраға тапсырады.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-де мамандарды дайындауда қажеттілікті, сонымен қатар, мүдделі тараптардың талаптарын анықтау мақсатында бітіртуші кафедралар жұмыс берушілермен тұрақты әріптестік қарым-қатынас орнатқан, келісімшарт, меморандум жасасу арқылы ББ қалыптастыру мәселесі бойынша мүдделі тұлғалардың қатысуымен дөңгелек үстелде мен кафедраның ашық отырыстарын өткізеді.

Талдама бөлімі

2011-2020 жылдарға арналған ҚР білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен Болон конвенциясының талаптарына сәйкес университет 2014-2015 оқу жылында құзіретті-бағдарланған білім беруді жүзеге асыру мен жетілдіруге бағытталған білім бағдарламасының модульдік құрылымына өтті. Сонымен қатар, келесі мәселелер өзін-өзі бағалау есебінде толық бейнеленбегендігін және ССК сапары барысында расталмағандығын көрсетеді.

Бағдарламаны жобалау мен жүзеге асыруда қатысатын жұмыс берушілерді тарту репрезентативтілігі негізделмеген. Әр жекелеген ББ түлектері үшін жұмыс беруші ретіндегі ЖОО негізгі әріптестері қалай таңдалатындығы.

ББ әзірлеуде, бекітуде, өзгерту мен толықтыруда студенттер таңауды үшін ЭПК-не элективті курстарды ұсына алатын барлық мүдделі тұлғалар қатысуын жағымды тұрғыда көрсетуге болады. 2017-2018 оқу жылына арналған модульдік білім бағдарламасына әлеуетті жұмыс берушілерден жағымды рецензиялары бар: Ә.М.Сабыр – «Даму кәсіпкерлікті дамыту фонды» АҚ өңірлік филиалының құзіреттілікті көтеру бағдарламасы бойынша бас менеджері

ББ бойынша қорытынды аттестация оқудың логикалық аяқталуы болып табылады. Жыл сайын ғылым мен білім дамуында, технологияның жетілуінде, жаңа әдістердің пайда болуы мен ғылымда фундаменталды зерттеулерінде жаңа басымдықтардың пайда болуымен байланысты бітіруші жұмыстар тақырыптарын ғылыми жетекшілер қайта қарастырып отырады. ББ жүзеге асырылу кезінде білім беру процесін құраушы теориялық және практикалық арақатынасын сақтау қамтамасыз етіледі. Модульдердің, тәжірибенің

барлық түрлері мен бітіруші жұмыстар мазмұны ББ мақсаттарына жетуге және білім алушыларда кәсіби, жалпымәдени құзіреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған.

2017-2018 оқу жылына арналаған МББ-да білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ескерілген жеке білім беру траекториялары білінген жоқ, алайда, есепті кезеңнің алдыңғы жылдарында осындай тәжірибе болған.

Аккредиттелетін ББ бойынша бділі алушылардың кәсіби сертификацияға дайындау мүмкіндігін кеңейту болжанып отыр.

ББ студенттері өндірістік тәжірибеден өтетін кәсіпорын-әріптес бөлімінің пофилі ББ оқыту нәтижелерінде мәлімделген құзіреттіліктерді иемденуге толық мүмкіндік бермейді.

Күшті жақтары/үздік тәжірибелері:

Білім беру нәтижесі мен тұлғалық қасиеттерді сипаттайтын жасақталған түлек моделінің болуы.

Қазақстандық және ECTS кредиттерінде ББ еңбек сыйымдылығы нақты айқындалған.

Оқу жоспарын, элективті пәндер каталогын, сабақ кестелерін, білім алушылардың жеке жоспарларын, ББ жүзеге асыруын реттейтін нормативті құжаттарды талдау негізінде білім бағдарламаларының сапасын бағалау жүзеге асырылады.

ББ пәндері білім алушыларда кәсіби құзіреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Аккредиттелетін ББ сапасы оқыту әдістерін және білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруды, мүдделі тұлғалармен және жұмыс берушілермен, ПО құрамымен, білім алушылармен сұхбаттасу және сауалнаманы талдау және сабақтарды жүргізу барысын бақылау кезінде жасалған тұжырымдармен, білім алушылардың құзіреттіліктерін бағалау процедурасын жүргізу кезінде бақылау нәтижесі мен әдістемесін талдау негізінде расталды.

ССК ұсыныстары:

1. Жетекші қазақстандық және шетелдік ЖОО ББ-мен білім беру бағдарламаларын сәйкестендірудің кешенді жұмыстарын қамтитын жүйе негізінде академиялық ұтқырлықты, бірлескен/екідипломдық білім беруді жүзеге асырудың және жоғарғы курстарда дуалды білім беруді ұйымдастырудың мүмкіндіктерін қарастыру.

2. Білім алушыларды кәсіби сертификацияға дайындау мүмкіндіктерін қарастыру.

3. Бір-бірімен байланысты мамандықты алуға мүмкін болатын ұйымдар базасында өткізілетін өндірістік тәжірибе уақытын ұзарту негізінде және еңбек нарығы мен жұмыс берушілер бірлестігі сұранысына сәйкес ББ-ның тәжірибеге бағыттылығын күшейту

5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг, 6M051100-Маркетинг үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 6, қанағаттанарлық – 3, жақсартуды қажет етеді - 3.

5.4. «Тұрақты мониторинг және білім беру бағдарламаларын мерзімдік бағалау» стандарты

Дәлелдеме бөлімі

Университет, факультет, кафедра базасында 5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг, 6M051100-Маркетинг ББ мақсатқа жетуі мен білім алушылардың, қоғамның, соның ішінде жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне жауап беруіне кепілдік беру үшін мониторинг және мерзімдік бағалау жүргізіледі.

Осы процестердің нәтижесі бағдарламаларды жетілдіруге септігін тигізеді. Барлық мүдделі тұлғалар жоспарланған немесе осы бағдарламаға қатысты барлық қолданылатын шаралар туралы ақпараттандырылады.

Университетте ББ мониторингі, талдау мен қайта қаралуының тәртібі белгіленген.

ББ тексеру ББ мониторинг жүргізудің әдістемесіне сәйке жүргізіледі, ол төмендегілерді қамтиды:

- Абитуриенттер, студенттер, түлектер, оқытушылар, жұмыс берушіл-ұйымдар арасында жүргізілетін сауалнама;
- Студенттер үлгерімі;
- Білім беру процесін ақпараттық қамтамасыз ету, ББ қормен және ақпараттық қамтамасыз ету;
- Студенттерді бағалау жүйесін талдау;
- Ғылыми педагогикалық қызметкерлердің құзіреттілік деңгейін бағалау;
- Бекітілген талаптарға ББ сәйкестігінің деңгейі.

Білім бағдарламаларының жасақталуы элективті пәндер тізімін таңдау мен қалыптастыру, бітіртуші жұмыс тақырыптарын, сонымен қатар кәсіби тәжірибеден өту қорытындысы бойынша жұмыс берушілер мен білім алушылар пікірлері мен ұсыныстарын, МАК төрағаларының ұсыныстарын әзірлеу процесіне қатысатын Ақтөбе облысы және Батыс Қазақстан өңірінің ұйымдары мен мекемелерінің, мүдделі тұлғалардың, білім алушылардың ұсыныстары ескеріле отырып жүзеге асырылады. Сонымен қатар, қызмет көрсету саласында түлектерге сұраныс, мамандарды дайындау сапасымен өңір жұмыс берушілерінің мойындауы ескеріледі.

Аккредиттелетін ББ оқу процесіне әлеуетті жұмыс беруші – білім беру ұйымдары мен өзге мекемелердің өкілдерінен, соның ішінде келесі облыс жұмыс берушілерінен жаңа пәндер енгізілді: Менеджмент ББ «Қазақойл» ЖШС инвестициялық бөлімінің бас маманы Г.У.Дельмановтың және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту» фондының құзіреттілікті көтеру бағдарламасы бойынша бас менеджері Ә.М. Сабырдың ұсынысы бойынша келесі элективті пәндер енгізілді: «Эккаутинг менеджмент», «Инновационный предпринимательство» (экономика және менеджмент кафедрасының хаттамасы №9, 23.04.2016 ж.); 5В051100-Маркетинг ББ «Нұрбанк» АҚ өкілдері «Деловые принципы управления маркетингом» пәнін ұсынды; 6М051100-Маркетинг ББ «Тарлан» көпсалалы колледж ұсынысымен «Конкурентная стратегия предприятий услуг» элективті пәні енгізілді.

Аккредиттелетін ББ оқу процесіне практик-мамандар тартылады:

Менеджмент ББ: Ақтөбе облысы «Сыртқы байланыс және туризм басқармасы» ММ бас маманы Ж.Т.Ерниязова; «Даму» кәсіпкерлікті дамыту» фондының құзіреттілікті көтеру бағдарламасы бойынша бас менеджері Ә.М. Сабыр; «Ма-Консалт» ЖШС директоры М.Копбергенов; «Ма-Консалт» ЖШС директорының орынбасары Б.Ильясов; Маркетинг ББ - «InsightGroup» ЖШС директоры А.Н.Нурсултанов, «Қазақмыс» ЖШС басқармасы төрайымының кеңесшісі Н.Т.Раев.

ББ мониторингілеу және мерзімдік бағалау рәсімдерін талдау оқу жоспарларын талдау негізінде жүзеге асырылады. ББ оқу жоспары циклдарының нормативті арақатынасын сақтайды: жалпы білім беру пәндері – 22,9%, базалық – 52,6% және бейіндік – 24,5%. Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша кредиттердің жалпы көлемі 131 бірліктен кем емес.

ББ қызметі нәтижелілігінің критериялары болып табылады: студенттерді қабылдау, үлгерім, жұмысқа орналасу. Қиын демографиялық ахуалға қарамастан аккредиттелетін ББ студенттерді қабылдау сәтті жүзеге асырылады.

5В030100-Құқықтану ББ бойынша қабылдау 2015-2016 оқу жылында – 104, соның ішінде 2 мемлекеттік грант негізінде білім алады, 2016-2017 оқу жылында – 133 білім алушылар, олардың 1 мемлекеттік білім гранты негізінде, 2017-2018 оқу жылында – 237

оның ішінде 1 мемлекеттік грант негізінде. ҰБТ орташа балы 80,5 құрады.

5B050700-Менеджмент ББ қабылдау 2015-2016 оқу жылында – 22 білім алушы, 2016-2017 оқу жылында – 20 білім алушы, 2017-2018 оқу жылында – 21 студент. Оқуға түсудің орташа балы 82 құрады.

5B051100-Маркетинг ББ 2015 жылы 1 курсқа 12 студент түсті; 2016 жылы – 14, соның ішінде 1 мемлекеттік білім гранты негізінде; 2017 жылы – 30 студент, соның 2 мемлекеттік білім гранты бойынша. Оқуға түсудің орташа балы 82 құрады.

6M051100-Маркетинг ББ бойынша дайындау бағыты кесіндісінде магистранттарды қабылдау келесідей көріністе: 2014-2015 оқы жылында – 1 магистрант (ғылыми-педагогикалық бағыт) және 1 магистрант (бейіндік бағыт). 2015-2016 оқы жылында – 1 магистрант (ғылыми-педагогикалық бағыт) және 1 магистрант (бейіндік бағыт). 2016-2017 оқы жылында – 1 магистрант (ғылыми-педагогикалық бағыт) және 2 магистрант (бейіндік бағыт). 2017-2018 оқу жылында қабылданған жоқ.

2014-2015 оқу жылының аккредиттелетін ББ мамандықтарының қорытындысы бойынша білім бағдарламаларының абсолютті үлгерімі 100% құрады, білім сапасы – 73,1%, үздіктер үлесі – 3,8%. 2015-2016 оқу жылында - абсолютті үлгерім 100% құрады, білім сапасы – 54,6%, үздіктер үлесі – 9,1%. 2016-2017 оқу жылында - абсолютті үлгерім 100% құрады, білім сапасы – 81,5%, үздіктер үлесі – 33,3%. Студенттердің үлгерімі көрсетілген көрсеткіштер деңгейінде тұрақты сақталады, ал білім сапасы мен үздіктер үлесі жоғарылау тенденциясын көрсетеді.

Сонымен қатар, 6M051100-Маркетинг ББ соңғы үш жылда (2014-2015, 2015-2016 және 2016-2017 оқу жылдары) сапасы және үлгерімі бойынша 100% көрсетіп тұр. 2017 жылы 6M051100-Маркетинг ББ бойынша қабылдау болмаған соң сапа мен көрсеткішті бағалау мүмкін болмады.

ББ мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың өзгеруіне, жаңа бағыттар мен тандау бойынша курстардың енгізілуіне байланысты жаңғыртылады. ББ жаңғыртылуы жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес жүргізіледі, бұл өз кезегінде тиісті оқу жылының элективті пәндер каталогында көрініс табады және ЖОО Ғылыми кеңесімен бекітіледі.

Түрлі деңгейде өткізілетін білім беру процесі сапасын бақылау шаралары жазба, акт, анықтама, есептер және т.б. түрінде бекітіліп, кафедра отырыстары мен Факультет, оқу-әдістемелік кеңестерінде, университеттің Ғылыми кеңесітерінде талқыланады. Талдау мен бақылау көрсеткіштерін бағалау негізінде ББ жүзеге асырылу сапасын көтеру бойынша шаралар жасақталады.

Жұмыс берушілер, ПО құрамы, білім алушылар үшін ЖОО басшылығы ашықтығы мен қолжетімділігін байқатты: жеке мәселелер бойынша қабылдау сағаттары анықталған, ректормен кездесі жүйелі негізде жүргізіледі. Инновациялық пікірлер үшін байланыс арнасы ретінде кері байланыстың дәстүрлі формасы қолданылады: басшылықпен кездесу, ректор блогы. Сауалнама қорытындысы бойынша ПО құрамының 98,7% және білім алушылардың 96% ЖОО басшылығының ашықтығы және ықыластылық деңгейімен толығымен қанағаттанған.

Талдама бөлімі

Сонымен қатар, комиссия өзін-өзі бағалау есебінде осы стандартқа қатысты келесі мәселелер толық бейнеленбегендігін және ССК сапары барысында дәлелденбегендігін көрсетеді.

ББ мазмұны өзгерген жағдайда мүдделі тұлғалар қалай ақпараттандырылатындығы, ББ енгізілген өзгертулер қайда жариялатындығы анықталған жоқ.

Күшті жақтары/үздік тәжірибелері:

Білім алушылар, ПО құрамы мен мүдделі тұлғалар арасында сауалнама және сұхбаттасу жүргізудің жасақталған формалары мен ережелерінің болуы.

ББ қайта қаралуында білім алушылардың, жұмыс берушілер ең өзге стейкхолдерлердің қатысуын растайтын құжаттар көрсетілді.

Жыл сайын жұмыс берушілер мен өзге мүдделі тұлғалардың ұсыныс ескере отырып ББ жаңғыртылуы.

Білім алушылар үлгерімінің оң динамикасы.

ССК ұсыныстары:

1. ББ байланысты барлық жоспарланған және жүзеге асырылған шаралар туралы мүдделі тұлғаларды ақпараттандырудың тәсілдері мен мүмкіндіктерін кеңейту.

5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг, 6M051100-Маркетинг үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 4, қанағаттанарлық – 6.

5.5. «Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты

Дәлелдеме бөлімі

Студентке бағытталған білім беру мен оқытуды жүзеге асыру барысында ЖОО қамтамасыз етеді:

а) студенттердің түрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне қатысты құрмет пен ілтипат көрсетіледі. Жүзеге асырылады: әлеуметтік желі арқылы «тәулігіне 24 сағатта» факультет деканымен тікелей байланыс; эдвайзерлермен (кураторлармен) жұмыс; студенттік өзін-өзі басқару немесе студенттік ұйымдарда жұмыс; студенттік шығармашылық қауымдастықтарға қатысу.

б) икемді оқу траекториясын ұсыну;

в) оқытудың түрлі педагогикалық әдістері мен формаларын қолдану;

г) оқыту формалары мен педагогикалық әдістері түзеу және мерзімдік бағалау.

ББ басшылығы кәсіби құзіреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған жеке білім беру бағдарламасын жасау бойынша оқыту тіліне қарамастан тең мүмкіндіктер қамтамасыз етеді.

Бітіртуші кафедра білім алушылардың интеллектуалдық дамуы мен жеке ерекшеліктері ескере отырып үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді.

Кафедралар оқытудың инновациялық әдістерін енгізу мен тиімділігін қамтамасыз етеді, студенттердің танымдық қызметін, соның ішінде дистанциондық білім беру технологияларын (ДБТ) белсендіруге септігін тигізетін қазіргі оқытудың технологиялары мен әдістері үздіксіз пайдаланады.

Аккредиттелетін ББ қамтамасыз ететін кафедраларда студентке бағдарланған білім беру мақсатында ақпаратты меңгерудің түрлі формаларын ескере отырып оқытудың түрлі әдістері мен технологиялары пайдаланылады.

Оқытудың түрлі әдістерін қолдану мен қолданылатын инновациялардың нәтижелілігі мен тиімділігіне мониторинг жүргізу үшін білім алушылар арасында «Оқытушы студент көзімен» сауалнамасы жүргізіледі.

Білім алушылардың 91,5% оқыту сапасының деңгейімен толық қанағаттануын білдірсе, 6,5% жақсы деп бағалады және 0,7% қанағаттанарлық деген жауап қайтарды.

Оқытудың кредиттік жүйесі шеңберінде Информатика және ақпараттық технологиялар кафедрасы мамандық пәндерін меңгеру үшін білім алушыларға максималды жағымды жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Осы мақсатпен жасақталады:

1) магистранттар мен студенттер үшін әр пән бойынша жұмыс бағдарламасы (Syllabus);

2) әр пән бойынша аудиторлық жұмыс үшін бақылау-өлшеуіш материалдары;

3) СӨЖ үшін бақылау-өлшеуіш материалдары;

4) білімді бағалау үшін материалдар;

5) тәжірибедегі жұмыстар үшін материалдар.

СӨЖ барлық көлемі студенттер мен магистранттардың талап етілетін күнделікті өз бетінше жұмыстарының тапсырмаларымен дәлелденеді.

Дипломдық жұмыс маман дайындығын аяқтайды және өз мамандығы бойынша практикалық және теориялық міндеттерді шешу дайындығын көрсетеді. Дипломдық жұмыс мақсаты: таңдалған мамандық бойынша теориялық және практикалық білімдерін тереңдеті және жүйелеу; өз бетінше жұмыс жасау дағдысын меңгеру; материал логикалық баяндалуының, жалпылаудың және зерттеудің әдістемесін меңгеру.

Білім алушылар нәтижесін бағалау жүйесінің негіздемесінде білім беру траекториясы бойынша білім алушылардың жылжуына мониторинг жүргізу жүзеге асырылады.

Білім алушылар жеке білім беру траекториясын қалыптастыру мүмкіндігі туралы ақпарат алады, сонымен қатар эдвайзердің көмегімен «Univer» ААЖ оқыту жүйесі арқылы оны жүзеге асыруда көмек көрсетіледі.

Білім алушылар нәтижесін бағалау жүйесінің негіздемесінде білім беру траекториясы бойынша білім алушылардың жылжуына мониторинг жүргізу жүзеге асырылады. Мониторинг кафедра ПО құрамы есептерінің негізінде жүргізіледі.

Олардың жүзеге асырылуын бақылау және бағалау жалпы келесі процедуралармен қамтамасыз етіледі:

- ББ пәндері бойынша тәуелсіз компьютерлік тестілеу: білімді бағалау объективтілігін қамтамасыз етеді және олардың деңгейі динамикасының трендін көрсетеді;

- ББ түлектерін дайындау сапасы бойынша жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізу;

- МАК және МЕК жұмысына жұмыс берушілерді тарту;

- білім беру процесінде ББ түлектерінің еңбек қызметі саласына жақындатылған оқыту әдістерін (кейстер, ойын жағдаяттар, курс тақырыптары бойынша тәжірибеге бағытталған тапсырмалар) және т.б.

- кафедралар оқытудың инновациялық әдістерін енгізу мен тиімділігін қамтамасыз етеді, студенттердің танымдық қызметін белсендіруге септігін тигізетін қазіргі оқытудың технологиялары мен әдістері үздіксіз пайдаланады.

5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100/6M051100-Маркетинг аккредиттелетін ББ бойынша пәндерді оқыту процесін модернизациялау қазіргі білім беру технологиялары, оның барлық құрастырушыларын жан-жақты әдістемелік қамтамасыз ету арқылы жүргізіледі.

5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг, 6M051100-Маркетинг ББ оқу процесі толық ауқымда барлық қажетті ақпараттық дереккөздермен: оқулықтармен, оқу құралдарымен, әдістемелік құралдармен және өзіндік жұмыс нұсқаулықтары, желілік білім беру қорларына қолжетімділік. Электронды оқулықтар, бейне дәрістер, дәріс-презентациялар және т.б.

Дәрістерді оқу үшін мультимедиялық проекторлар, арнайы экраны мен слайдты альбомы бар кадрскоптар, INTERNET және Wi-Fi локалды желісіне қосылған компьютерлік кластар, көбейту техникасы бар.

Оқу процесін мультимедиялық кабинеттермен және арнайыландырылған зертханалармен жабдықтау стандарттар талаптарына сәйкес үнемі жүргізіледі.

Кафедра ПО құрамы жұмысында креативті технологияларды енгізу негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Білімі берудің креативті технологиясының мақсаты: шығармашылықты ояту, шығармашылық әлеуетін дамыту, ой батылдығын, шығармашылық күшіне деген сенімділікті тәрбиелеу, жаңа стандартты емес идеяларды ұсыну.

Білім алушылардың білімін, дағдысы мен кәсіби құзіреттілігін кредиттік технология бойынша бағалау қорытынды нәтижені әріптік және сандық эквивалентке айналдырумен 100 балдық меже бойынша жүзеге асырылады. Баға қою кезінде қатысым, сабақтағы белсенділік деңгейі, тапсырмалардың барлық түрлерін жүйелі орындау мен өз бетінше орындау деңгейі, мәселені дұрыс нақтылау, жауап табу іскерлігі ескеріледі. Студенттердің барлық оқу жетістіктері транскрипте көрініс табады.

Жыл сайын бекітілген кестеге сәйкес университет кафедралары оқытушыларымен жасақталған бақылау-өлшеуіш материалдарын қолдану арқылы білім алушылардың қалдық білімдерін мониторинг жүргізіледі. Жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша есептер әзірленеді, алдын-алу және түзету шаралары жасақталып жүзеге асырылады. білім алушылардың академиялық жетістіктеріне мониторинг жүргізу мемлекеттік аттестациялық комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың академиялық үлгерімінің нәтижелелерін қайта қарау апелляциялық комиссия жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

Оқыту сапасын «мазмұны, формасы, әдістері» зерртеу бойынша кері байланыстың классикалық құралы студенттер арасында сауалнама (сауалнамалар: «Оқытушы студент көзімен», «Студенттердің білім беру процесінің сапасымен қанағаттануы», «Студенттердің оқыту нәтижелерімен қанағаттануы», «ПО құрамының жоғары оқу орнымен қанағаттануы», түлектер мен жұмыс берушілер арасында жүргізілетін сауалнамалар) жүргізу болып табылады. Өндірістік тәжірибе өтумен білім алушылардың қанағаттануының мониторингі сауалнама негізінде жүргізіледі. Сауалнамада білім алушылар көрсеткен мәселелер мен пікірлер оны ұйымдастыру мен мазмұнын жетілдіру үшін негіз болып табылады.

Инклюзивті білім беру үшін жағдаймен қамтамасыз ету бойынша университетте «Инклюзивті білім берудің психологиялық-педагогикалық қызметінің ережесі» (22.06.2015 ж. ректормен бекітілді) қабылданды. АӨМУ инклюзивті білім берудің координаторы болып табылатын Педагогикалық білімнің инновациялық орталығы мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үшін жоғары білім қолжетімділігіне мониторинг жүргізу мақсатында 2015-2016 оқу жылының басында ЖОО ПО құрамы, білім алушылар мен қызметкерлері арасында сауалнама жүргізді. «Барлығына арналған мектеп» Қоғамдық фондымен бірлесе отырып Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ базасында «Инклюзивті білім беру технологиялары» өңірлік семинары өткізілді (09.2014 ж.; 07.2015 ж.); Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетімен «Инклюзивті білім беру: теориядан тәжірибеге» (16.02.2016 ж.) онлайн-конференциясы; университет оқытушылары үшін тренингтер; ПО құрамына кеңес беру; инвалид-балалар туралы ақпараттар қоры жасалды және т.б. Мүмкіндіктері шектеулі студенттер үшін жағдай жасау мақсатында бас ғимаратта тоқтаусыз лифттердің жұмысы университетпен қамтамасыз етілген, сонымен қатар пандустар салу жоспарланған (Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ 2017-2021 жж. арналған даму

жоспары).

ББ меңгерудің міндетті кезеңі оқу, өндірістік және дипломалды практика болып бөлінетін әртүрлі практика түрлерін өту болып табылады. Практиканың әдістемелік жетекшілігін кафедраның тәжірибелі оқытушылары (Курманалина А.А., Тасмағанбетов А.Б., Кунуркульжаева Г.Т., Тлеубергенова М.А., Басшиева Ж.К.) және ұйымдар өкілдері жүзеге асырады

Университет мемлекеттік, қаржылық мекемелер мен өндірістік кәсіпорындарынан өз түлектерінің кәсіби қызметі туралы жағымды пікірлер алады. Осылайша, мысалы, 5B030100-Құқықтану ББ түлектер атына Ақтөбе қ. Прокуратурасынан, Ақтөбе облысының Әділет департаментінен, Ақтөбе қаласының Қалалық сотынан, Ақтөбе қ.Әкімдігінен, Ақтөбе облысының Ішкі істер департаментінен алғыс хат алды.

5B050700-Менеджмент ББ «Каспий Банк» АҚ, «Бургер Кинг» ресторанынан, «АХҚЗ» АҚ, «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» РММ және т.б.

5B051100-Маркетинг ББ «Dastan Hotel Aktobe» ЖШС, «Люкс» ЖШС, «AsCroup LTD» ЖШС, «SF – Product-Croup» ЖШС, «Арена-С» ЖШС, «Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ.

Ректор блогы мен әлеуметтік желілердегі парақшалар виртуалды қабылдау бөлмесі кері байланыс формасының бірі болып табылады.

Білім алушылар оқыту сапасының деңгейімен (98%); экзамен және аттестация(98,7%); жүргізілетін тесттер мен экзамендер (99,4%) әділеттілігімен толық қанағаттанған

Талдама бөлімі

Сонымен қатар, комиссия өзін-өзі бағалау есебінде осы стандартқа қатысты келесі мәселелер толық бейнеленбегендігін және ССК сапары барысында дәлелденбегендігін көрсетеді.

Білім алушыларға берілетін және түсіндірілетін өз бетінше жұмыс нәтижесін бағалаудың барабар механизмі силлабустарда келтірілген, алайда бұл үшін АӨМУ ААЖ және www.arsu.kz сайты қалай қолданылатындығы көрсетілмеген.

Аккредиттелетін 5B030100-Құқықтану ББ бойынша білім беру траекториясын таңдау мүмкіндігі дәлелденген жоқ, өйткені олардың бар екендігі көрсетілмеді.

Білім берушілер шағымдануына жауап қайтару рәсімі көрсетілмеді.

Аккредиттелетін ББ өзін-өзі бағалау есебінде жеке білім беру траекториясын қалыптастыру бойынша білім алушыларға тең мүмкіндіктер қамтамасыз ететін порцестері толығымен дерлік бейнеленген. Оқытудың инновациялық әдістерін жүйелі дамуы мен енгізілуі көрсетілген, практика орындарымен және ұйымдастыруымен білім алушылардың қанағаттану деңгейін айқындау бойынша жұмыс бейнеленген.

Элективті курстарының тиімділігін бірізді оқу нәтижесі студенттерде кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталған жасақталған бағдарлама мазмұнын меңгерілуінде тұрақты оң динамикасы жайында пікір айтуға мүмкіндік береді.

Студентке бағытталған оқытуды енгізу барысында оқытуға және жалпы оқытушылық қызметке деген таоаптар өзгереді. Факультеттің оқу-әдістемелік комиссиясы оқытудың белсенді әдістері мен оқытудың инновациялық әдістерін жүйелі дамуы, енгізілуі мен тиімділігі үшін жауап береді. Кафедра оқытушыларымен мамандық пәндерін меңгеру мен олардың академиялық дәрежесін алуы үшін білім алушыларға барынша жағымды жағдай жасалады.

Күшті жақтары/үздік тәжірибелері:

Оқыту нәтижесін бағалау мен түрлі оқыту әдістемелерін пайдалану бойынша кері байланыс жүйесінің болуы;

Оқытушының қатар жетекшілік ету мен көмек көрсету барысында білім алушылардың автономиясын қолдау;

ББ басшылығының практика өту базаларымен өзара қарым-қатынасты ұйымдастыру;

Оқыту нәтижесін бағалау мен түрлі оқыту әдістемелерін пайдалану бойынша кері байланыс жүйесінің болуы;

Жеке білім беру траекториясын қалыптастыру бойынша оқу тіліне қарамастан білім алушыларға тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;

Мемлекеттік, қаржылық мекемелер мен өндірістік кәсіпорындарынан түлектердің кәсіби қызметі туралы жағымды пікірлер расталды.

ССК ұсыныстары:

1. Студентке бағдарланған оқыту бойынша ПО құрамы мен ББ басшыларына арналған оқыту семинарларын жүргізу.

2. Аккредиттелетін ББ бойынша оқытудың қосымша траекторияларын таңдау мүмкіндіктерін қарастыру.

5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг, 6M051100-Маркетинг үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 8, қанағаттанарлық – 2.

5.6. «Білім алушылар» стандарты Дәлелдеме бөлімі

Сұхбаттасу негізінде екінші жоғары білім алу үшін дипломы бар мамандарды, сонымен қатар ақылы және мемлекеттік тапсырыс (грант) негізінде ҰБТ мен КТ (орта мектеп, колледж түлектері) нәтижесі бойынша қажетті балл санын жинағандарды, мамандықты саналы таңдағандарды, ЖОО-да оқуға барынша дайындарды қабылдау білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатының мәні болып табылады.

Білім алушылар контингентін қалыптастыру ғылыми кадрларды дайындауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сонымен қатар, азаматтардың жеке қаражаты мен өзге көздер қаражатынан оқуға төлеу арқылы жүзеге асырылады.

Кәсіби бағдарлау жұмысы мен білім алушылар контингентін қалыптастыру негізделген формалар, ықпал ету әдістері мен тәсілдері, талапкерлерді ББ мен факультеттің дайындық бағытына қарай кәсіби іріктеу негізінде жүргізіледі.

Контингентті қалыптастыру және қабылдау нәтижесіне қатысты мәселелер кафедра, факультет кеңсінде, реткоратта қарастырылады.

Білім алушылар контингентінің қозғалысын басқару процесі келесілерді қамтиды: университетке қабылдаудың бекітілген Ережелері негізінде білім алушыларды есепке алу; факультет декандарының жарлықтарының негізінде білім алушылар топтарын қалыптастыру, топтарды легтерге біріктіру; АИС «Универ» білім алушылар топтарын қалыптастыру; білім алушыларға оқуға алу туралы бұйрықтарды шығару; университеттің студенттік бөлімге білім алушылардың жеке істерін тапсыру.

Кафедра ПО құрамы тұрақты түрде бекітілген кестеге сәйкес Ақтөбе қаласы және ҚР өзге қала мен ауыл мектептерін бітіруші оқушылармен кездесу өткізеді. Осы кездесулер барысында кафедра ПО құрамы жоғары класс оқушылармен және түлектермен әңгімелесулер жүргізеді, ББ туралы ақпаратты қамтитын презентациялар ұсынады және буклеттер

таратады.

Студенттер мен магистранттар білім беру қызметінің басты тұтынушылары болып табылады, сондықтан ББ жүзеге асыруда басымдық олардың мүдделеріне беріледі. Білім беру ортасы білім алушыларда келесі ерекшеліктердің үлгісін жасайды: даралық, үлкен тәуелсіздікке ұмтылыс, тұтастыққа жету процесі, жеке және кәсіби мансап, дербестік және өзін-өзі құрметтеу.

Аккредитацияланатын ББ білім алушылары студенттік ғылыми конференциялар мен семинарларға, пәнді олимпиадалар мен мамандық бойынша конкурстарға, Үздік студенттік ғылыми жұмыс конкурстарына қатысады. Есепті кезеңде аккредитацияланатын ББ білім алушылары халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында 150-ден астам мақала жарық көрді. Мәселен, «Молодежь, наука и инновации» атты жастар ғылыми форумында (14.04.2017, Ақтөбе қаласы) 5В030100-Құқықтану ББ бойынша 36 студент қатысты, олар форумға 21 ғылыми жұмыс ұсынды. Форумның секциялық отырысында ғылыми баяндамалары үшін студенттер түрлі деңгей дипломдарымен және алғыс хаттармен марапатталды.

2 курс студенттері Кулмагамбетова А., Бағытова Ж., Таирова Ж. барлық мамандықтар бойынша XIV Халықаралық (сырттай) ғылыми-тәжірибелік конференциясына (Казан қаласы, 28.02.2017) қатысты. 2017 жылы Ақтөбе облысының Прокуроры Кубогының Жеңімпазы болып 4 курс студенті Ануарбеков А., ал командалық есепте 4 курс студенттері Ануарбеков А. пен Каджимукан Е. болып танылды.

2 курс студенттері Кулмагамбетова А., Бағытова Ж., Таирова Ж., Тасина А., Даирова А. «Научный Мир – 2017» халықаралық презентациялар конкурсында жеңіске жетті (диплом, 1 орын).

5В030100-сББ бойынша 571 студент білім алады, олардың ішінде мемлекеттік білім гранты бойынша – 6 студент, келісімшарт негізінде – 565 адам.

Кесте 2. Аккредиттелетін ББ бойынша күндізгі бөлімге түскендер саны (түсу жылы бойынша)

ББ	2014-2015 о.ж.		2015-2016 о.ж.		2016-2017 о.ж.		2017-2018 о.ж.	
	Грант	Келісімшарт	Грант	Келісімшарт	Грант	Келісімшарт	Грант	Келісімшарт
5В030100- Құқықтану	2	97	2	104	1	133	1	237
5В050700- Менеджмент	-	-	0	22	1	20	2	21
5В050700- Маркетинг	-	-	0	12	1	14	2	30

Кесте 3. Аккредиттелетін ББ бойынша күндізгі бөлімге түскен білім алушылар контингентінің динамикасы

ОП	2014-2015 о.ж.		2015-2016 о.ж.		2016-2017 о.ж.		2017-2018 о.ж.	
	Грант	Келісімшарт	Грант	Келісімшарт	Грант	Келісімшарт	Грант	Келісімшарт
5В030100- Құқықтану	2	97	4	201	5	334	6	571
5В050700- Менеджмент			0	22	1	42	3	63

5B050700- Маркетинг	-	-	0	12	1	26	3	38
--------------------------------	---	---	---	----	---	----	---	----

Көрсетілген мәліметтер аккредиттелетін 5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг ББ деген жоғары қызығушылықтың тенденциясы бар екендігін растайды, бұл өз кезегінде түсушілердің көбеюінен көрінеді. Осылайша, 2017 жылы 2016 жылға қарағанда талапкерлер 56 % көп түсті.

Ағымдық жылы жұмысқа орналасу 81% (75 адам) құрады.

Кесте 4. 5B030100-Құқықтану түлектерінің жұмысқа орналасуы

ОП	2014-2015 о.ж.		2015-2016 о.ж.		2016-2017 о.ж.	
	Түлектер саны	Жұмысқа орналасу	Түлектер саны	Жұмысқа орналасу	Түлектер саны	Жұмысқа орналасу
5B030100	166	124 (75%)	136	109 (80%)	93	75 (81%)

5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг, 6M051100-Маркетинг ББ бойынша жұмысқа орналасу 100% құрады.

Білім алушылар контингентін қалыптастыру ҚР заңнамасына сәйкестендіріледі және талапкерлердің жоғары оқу мекемесі мен білім бағдарламасын таңдаулылық қағидасына негізделген.

6M051100-Маркетинг қатысты кадрларды дайындау Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетте 2008 жылдан бастап және «ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына» сәйкес жүзеге асырылады. Жоғары оқу орнына кейінгі білім магистратура. 2014-2015 оқу жылында контингент 3 магистрант (ғылыми-педагогикалық бағыт), 1 магистрант (бейіндік бағыт) құрады. 2015-2016 оқу жылында – 1 магистрант (ғылыми-педагогикалық бағыт), 1 магистрант (бейіндік бағыт). 2016-2017 оқу жылында – 2 магистрант (ғылыми-педагогикалық бағыт), 1 магистрант (бейіндік бағыт).

Сонымен бірге 6M051100-Маркетинг ББ бойынша магистранттарды қабылдау дайындау бағыты кесіндісінде төмендегідей көрініс табады: 2014-2015 оқу жылында контингент 1 магистрант (ғылыми-педагогикалық бағыт), 1 магистрант (бейіндік бағыт) құрады. 2015-2016 оқу жылында – 1 магистрант (ғылыми-педагогикалық бағыт), 1 магистрант (бейіндік бағыт). 2016-2017 оқу жылында – 1 магистрант (ғылыми-педагогикалық бағыт), 2 магистрант (бейіндік бағыт). 2017-2018 оқу жылында – (қабылдау болған жоқ).

Аккредиттелетін ББ кафедралары академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша Қазақстан мен өзге елдердің жоғары оқу орындарымен белсенді әріптестік қарым-қатынаста, әсіресе, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетімен, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетімен, Будапешт қаласы Янош Кодолани атындағы қодланбалы ғылымдар университетімен (Венгрия), Синьзян қаржы-экономикалық университетімен (Қытай), Синьзян педагогикалық университетімен (Қытай), Англия жоғары оқу орындарымен және т.б.

АӨМУ басшылығы жасасқан ынтымақтастық туралы келісімшарттарда 5B030100-Құқықтану ББ бойынша екі диплом алу қарастырылған, ол өз кезегінде бірлескен ББ жасақтау бойынша жоспарларды растайды.

Ағымдағы оқу жылында 5B050700-Менеджмент ББ екінші курсына ішкі ұтқырлық

бағдарламасы бойынша М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінен келген А.Қибатоллаева оқып жатыр.

Сыртқы академиялық ұтқырлық шеңберінде 5B050700-Менеджмент ББ студенті Космаганбетов А. 2015-2016 жылы Теннеси Технологиялық университетінде (АҚШ) білім алды. 2017-2018 оқу жылының бірінші жарты жылдығында ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 2 курс студенті Жумабаева М. АҚ «Нархоз университеті» және 3 курс студенті Дәулетжан А. С.Сейфуллин атындағы ҚАУ білім алуда.

2015-2016 оқу жылында 5B050700-Менеджмент ББ студенті Жумабаева Л. университет жанындағы Конфуций институты желісі бойынша тілдік курстардан өтті және Синьцзянь қаржы және экономика университетінде тағылымдамадан өтті.

Есептік жылы білім беру бағдарламасы бойынша дәріс оқу үшін 5 шетелдік ғалым тартылды, атап айтсақ, PhD, профессор Толумбек А.К. (Канада менеджмент институты); Ресей Федерациясы ғалымдары э.ғ.д., профессор Тяпухин А.П. (Орынбор мемлекеттік университеті), э.ғ.д., профессор Макаров А.Н. (Казан (Приволжский) федералдық университеті).

Лиссабон конвенциясының талаптарына сәйкес қабылдау комиссиясы халықаралық және шетел оқу орындарында білім алған құжаттары бар тұлғалардың біздің университетке түсу бойынша құжаттарды қабылдау жұмыстарын жүзеге асырады

ББ басшылығы білім алушылардың академиялық жетістіктері туралы ақпарат негізінде кейінгі қызмет шеңберінде шешім қабылдау мен мониторинг, жинақтау үшін қолданлытарын құралдарды және оларды пайдалануды көрсетеді. Студенттердің академиялық үлгерімі кафедра оқытушылары, Универ жүйесінде университет пен ата-аналар тарапынан үнемі бақылауда. Мониторинг жүйелі жүзеге асырылады. Осылайша ашықтық және бақылау нәтижесі туралы ақпарат қолжетімділігі қағидасына қол жеткізіледі.

Білім алушылардың негізгі кәсіби және әлеуметтік рөлдері келесідей қызмет түрлерімен анықталады – өндірістік-басқарушылық, ғылыми-зерттеушілік, және оқытушылық. Оқу кезінде студенттер, магистранттар түрлі басқару органдар құрамына кіре отырып кафедра, факультет пен университет жұмысына белсенді қатыса алады. Кафедра, факультет, университет өміріне белсенді қатыса отырып білім алушылар кейінгі әлеуметтік мәртебесінде және кәсіби мансапта көрініс табуы мүмкін көшбасшы тәжірибесін игереді. Бағдарламамен қарастырылатын курстарды оқудыан бөлек, білім алушылар болашақта өз әлеуметтік мәртебесін жоғарлата алады, түрлі семинарлар мен тренингтерге, кәсіби біліктілігін көтеру мақсатында жазғы және қысқы мектептеріне қатыса алады.

Университет басшылығы түлектерді жұмысқа орналасуға және олармен үздіксіз байланыста болуға максималды күш жұмсайды. Облыс пен өңір кәсіпорындарымен тығыз қарым-қатынасқа байланысты жас мамандарға болжамды жұмыс орнында өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндігі бар. Ауыл квотасы мен «Серпін» гранты бойынша оқыған білім алушыларды жұмысқа орналасуды ұйымдатурумен және түлектерді үлестірумен байланысты жұмысқа ерекше назар аударылады.

Мониторинг тікелей қызмет арқылы жүзеге асырылады: студент – кафедра – тәжірибе жіне жұмысқа орналасу бөлімі – түлек жұмыс жасайтын ұйым мен кәсіпорын.

Университетте түлектермен байланысты сақтау тәжірибесі оқалыптасқан, басшылықпен түлектер қауымдастығының жұмыс жасауы үшін жағдай жасалған, сапар барысында және аккредиттелетін ББ түлектерімен сұхбаттасу кезінде қатысушылар аталмыш Ассоциацияның мүшелері екендігі анық байқалды.

Сауалнама мәліметтері бойынша білім алушылар академиялық кеңес беру

қолжетімділігімен (99,3%); денсаулық сақтау қызметінің қолжетімділігімен (98%); кітапхана қорларының қолжетімділігімен (97,4%); қазіргі оқулық қорымен (97,4%); оқу бағдарламаларының жалпы сапасымен (96,7%); оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынаспен (98%) толық қанағаттанатындығын байқатты.

Талдама бөлімі

АӨМУ-де кәсіби бағдарлау мен білім алушыларды кейінгі қолдау саласындағы жұмыс ұйымдастырылған, білім алушылар контингентін қалыптастыру саясаты мен қағидалары, білім алушылардың талап етілетін кәсіби деңгейге жетуіне білім ортасын құру қағидасы, ЖЖО алқалы басқару органында білім алушылардың өкілеттілігі, кері байланыс және білім алушыларды ақпараттандыру әдістері, білім алушылардың қоғамдық және мәдени өмірінің көріністері келтірілген.

Өзін-өзі бағалау есебінің материалында жалпы білім алушылар контингентін қалыптастыру саясаты туралы айтылған, бірақ Есептің және Қосымшаның аталмыш бөліміндегі материалдарында, ССК сапары барысында білім алушылардың өмір кезеңін (түскеннен аяқтағанға дейін), соның ішінде жаңа түскен және шетелдік білім алушылардың бейімделуін және қолдауын рейтингтің сапаны қамтамасыз ету жүйесінің рәсімі көрсетілмеген.

ENIC/NARIC ұлттық орталықтарымен ынтымақтастық және Лиссабон конвенциясын мойындауға қатысты ЖОО әріптестігі дәлелденген жоқ. Білім алушылардың академиялық ұтқырлық шеңберінде, соның ішінде біліктілік пен алдыңғы оқу жетістіктерін мойындау жүзеге асырылатын ішкі құжаттар көрсетілген жоқ.

Комиссия қарастырылып отырған ББ білім алушыларының жеткіліксіз академиялық соның ішінде сыртқы ұтқырлығын көрсетеді.

Күшті жақтары/үздік тәжірибелері:

Дарынды білім алушыларды қолдау механизмінің болуы.

Ғылым саласында білім алушылар жетістіктері туралы растайтын құжаттардың болуы.

Білім алушыларды практика орындарымен, түлектерді жұмысқа орналастыруға ықпал ету, олармен байланысты қолдауды қамтамасыз ету бойынша барынша талпынысы көрсетілді.

ББ түлектерінің жұмысқа орналасуы мен кәсіби қызметіне мониторинг жүргізу расталды.

Жұмыс жасап жатқан түлектер ассоциациясы/бірлестіктерінің болуы көрсетілді.

Республикалық және шетелдік жоғары оқы-орындары әріптестерімен өзара әріптестік туралы келісімшарттардың болуы.

5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг ББ ғылыми зерттеу мен тәрбие жұмысында білім алушыларды кең ауқымда қамту.

ССК ұсыныстары:

1. Алдыңғы білім беру нәтижелері мен біліктілігін, сонымен қатар, білім алушылардың академиялық ұтқырлық аясындағы білім жетістіктерін мойындау бойынша мүмкіндіктерді кеңейту.

2. Шетелдік студенттерді қолдау және бейімдеу жөнінде жұмыстар ұйымдастыру.

3. 6M051100-Маркетинг ББ бойынша білім алушылардың контингентін арттыру мақсатында қабылдаудан бастап бітіруіне дейінгі контингент қалыптастыру саясатын күшейту және осы рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету.

4. 6M051100-Маркетинг ББ түлегінің кәсіби сипаттамасының талаптарына сәйкес ББ-на қажетті өзгертулер енгізу, ББ-ның түлек моделіндегі оқыту мақсаты мен нәтижесінің сәйкес келуін анықтау.

5B030100-Құқықтану, 5B050700-Менеджмент, 5B051100-Маркетинг үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 7, қанағаттанарлық – 3, жақсартуды талап етеді – 2;

6M051100-Маркетинг үшін критерийлер бойынша ССК қорытындылары: күшті – 6, қанағаттанарлық – 2, жақсартуды талап етеді – 4.

5.7. «Профессор-оқытушылар» стандарты

Дәлелдеме бөлімі

Білім бағдарламасының профессор-оқытушылар құрамын жасақтау ҚР заңнамасы мен жоғары оқу орындарының ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің лауазымдарын конкурстық қамтамасыз ету Ережелеріне сай.

Жұмысқа қабылдау мен міндеттерді бөлу ҚР заңнамалық актілерімен ПО құрамына қойылатын біліктілік талаптарына сай жүзеге асырылады. Кадр саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыру мынадай қағидаларға негізделеді: университеттің ПОҚ мен қызметкерлерін басқарудың демократиялық тәсілі; басқарушы құрам мен басқарылатын жүйе мүдделерінің ұштасуы; басшылықтың ашықтығы; тепе-теңдіктің сақталуы; ынталылық пен шығармашылық ахуалын жасау; ПОҚ қызметін ынталандыру; қызметкерлерді тұлғалық жетілдіру.

Кадр саясаты университет стратегиясының негізгі басымдықтарына сай жүзеге асырылады. ПОҚ біліктілігі, олардың сандық құрамы бакалаврлар даярлаудың бағыттарына сәйкес келеді, лицензиялық талаптарға жауап береді. Оқытудың сапасын арттыру, өндіріспен тығыз байланысты қамтамасыз ету үшін университетке қызметті қоса атқару шартында ғылым докторлары мен кандидаттары, тиісті салалардың мамандары шақырылады.

5B030100-Құқықтану ББ Құқықтану бітіртуші кафедрасы қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта Құқықтану кафедрасының штатын 22 оқытушы құрайды. Оның ішінде 7 ғылым кандидаты, оның 5 - заң ғылымдарының, 2 - тарих ғылымдарының, 4 доцент, 14 магистр, 2 оқытушы. ПО құрамының сапалық құрамы – 32% орташа жасы – 43.

ББ басшылығы ББ жүзеге асыруға қатысатын ПО құрамы үшін ЖОО кадр саясатын қолданатынын байқатты. Кадрларды іріктеу ББ қажеттілігін талдау негізінде жүзеге асырылады, соның қорытындысы бойынша бос қызмет орнына тағайындау байқауы жарияланады. Кадрларды іріктеу ББ қажеттілігін талдау негізінде жүзеге асырылады, соның қорытындысы бойынша бос қызмет орнына тағайындау байқауы жарияланады. ПО құрамы мен АӨМУ қызметкерлерінің бос қызмет орнына тағайындау қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

5B051100-Маркетинг ОБ бойынша студенттерді дайындауды Мемлекеттік басқару және маркетинг кафедрасының жоғары білікті профессор-оқытушы құрамы жүзеге асырады. Кафедраның кадрлық құрамы 23 оқытушыны қамтиды, оның ішінде 1 ғылым докторы, 1 PhD, 8 ғылым кандидаты. Кафедра бойынша ғылыми дәрежелік деңгей – 43,5%.

Қазіргі уақытта 6M051100-Маркетинг ОБ бойынша сабақтарды ПОҚ ғылыми дәрежелері мен атақтары бар 8 оқытушысы жүргізеді. Оның ішінде: 1 – ғылым докторы, 1 - PhD, 6 – ғылым кандидаты. Демек, ғылыми дәрежелік деңгей 100% құрайды.

Университет кадр саясатының негізгі ережесі ҚР БЖҒМ бұйрығымен бекітілген білім беру мекемелерінің қызметкерлері үшін типтік біліктілік сипаттамасына сәйкес келуі болып табылады; тиісті мамандықтар бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы, жемісті ғылыми қызмет, сонымен қатар құзіреттілік пен бәсекеге қабілеттілік.

ПО құрамының сандық және сапалық көрсеткіштері ББ барлық спектрін жүзеге асыру үшін қажетті және білім беру қызметін лицензиялауға біліктілік талаптарына сәйкес келетін кадр әлеуетін растайды.

Оқытушылар құзіреттілігін жүйелі бағалау, оқу курстарының мазмұнын ашу мен

бағдарлама мақсаттары қарастырған оқыту нәтижесіне жету үшін қажетті студенттерде білім, іскерлік пен құзіреттіліктерді қалыптастыру үшін кафедраларда оқыту сапасының тиімділігін бағалау ішкі бағалау арқылы жүзеге асырылады (ашық сабақтар, өзара қатысым, кафедра меңгерушілерімен бақылау қатысымы, ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік семинарларға қатысу).

Оқу топтарында қолданылатын, ББ қабылдаған оқыту әдістерін меңгерудің жеткілікті деңгейі байқалады (өзара қатысым журналы, өткізілген ашық сабақтарды талдау).

Оқытушылардың біліктілігін жоғарылатуы мен жаңа технологияларды сабақ барысында пайдалануы кафедра ПОҚ оқытудың жаңа әдістері мен нысандарын іздеу үстінде екендігін растайды. Кафедра оқытушылары т.ғ.к. Исимаева Е.И., Мурсалова Л.А., з.ғ.к. Исмаилова Б.Ш., Бекбауова А.А., Адаев О.Ш. 2017 жылдың сәуірінде Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ қабырғасында ұйымдастырылған «Қаржылық сауаттылық» халықаралық семинарына қатысты. Кафедраның барлық оқытушылары «Достасу» ОО «Синергия» медиация мен құқық орталығы ұйымдастырған «Медиацияға кіріспе» бағдарламасына қатысқандығы туралы сертификаттармен марапатталған, организованным центром медиации и права «Достасу» ОО «Синергия».

Аккредиттелетін ББ бітіртуші кафедра оқытушылары жыл сайын ғылыми әдістемелік және ғылыми-практикалық семинарларға, тренингтерге қатысады. Мысалы, кафедралар ПО құрамы қатысты: «Модульная система обучения: опыты и перспективы» әдістемелік семинар (2017 г.), «E-Learning», «Rosetta Stone» интерактивті онлайн курсы.

Жыл ішінде әр оқытушы оқытудың интерактивті әдістемесінің мәселелеріне қатысты әдістемелік семинарлар жұмысына қатысады.

ББ басшылығы барлық қызмет түрлері бойынша ПО құрамының жұмысын жеке жоспарлаудың толықтығын және барабарлығын, жеке жоспарлардың нәтижелілігі мен тиімділігінің мониторингін қамтамасыз етеді, барлық жоспарланған жүктемені оқытушылармен орындалғандығының дәлелі бар.

ПО құрамының жұмыс сыйымдылығы мамандықтардың оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысты, кәсіби біліктілікті көтеруді қамтиды. ПО құрамының бір жылға негізгі мөлшерлемедің максималды оқу жүктемесі 600 сағаттан аспайды.

Кафедраның барлық пәндері бойынша оқу пәндерінің силлабустары, дәрістер, семинар жоспарлары, СӨЖ бойынша тапсырмалар, бақылау түрлері, сұрақтар мен тапсырмалар, рейтингтік тапсырмалар, емтихан материалдары көрсетілген оқу-әдістемелік кешені құрастырылған.

ББ басшылығы ПО құрамының ғылыми-зерттеу қызметіне қолдау көрсететіндігін, ғылыми зерттеулер мен оқыту арасында байланысты қамтамасыз ететіндігін байқатты.

ББ басшылығы оқытушылар мен қызметкерлердің жеке және кәсіби дамуын ынталандыру механизмін көрсетті. ББ басшылығы қызметінің негізгі бағыты ПО құрамының кәсіби және жеке дамуы үшін, соның ішінде біліктілікті көтеруге жағымды жағдай жасау болып табылады. ПО құрамының біліктілігін арттыру келесі мақсатта жүзеге асырылады: біліктілік деңгейіне талаптардың өзгеруіне байланысты ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің теориялық және тәжірибелік білімдерін үнемі жаңғырту; әдістемелік іскерлік пен дағдыны жетілдіру; жаңа педагогикалық технологиясын меңгеру; студенттермен тәрбие жұмыстарын жүргізу іскерлігі мен дағдысын игеру және жетілдіру; педагогикалық шеберлік пен құзіреттілікті жетілдіру; жоғары мектеп жүйесінде қойылған ауқымды міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін оқытушылардың қосымша құзіреттіліктерді игеруі.

Сонымен қатар, университеттің баспа орталығында оқу-әдістемелік материалдар (дәрістер курсы, практикалық сабақтардың, өзіндік жұмыстарын орындауы бойынша әдістемелік нұсқауы, тестер жинағы, глоссарий және т.б.).

Оқу, ғылыми және тәрбие жұмыстағы жетістіктер үшін ЖОО басшылығымен моралдық және материалдық көтермелеу қолданылады: құрмет грамоталары, алғыс хаттар, сыйлықақы, марапттауға ұсыну.

Құқықтану кафедрасының ПО құрамы ҒЗЖ белсенді жүргізеді, бұл өз кезегінде әр оқытушы еңбектерінің тізімімен, оқу құралдарымен, дәрістер курсымен, оқу-әдістемелік құралдармен және т.б., сонымен бірге, «Особенности формирования гражданского общества в Республике Казахстан» тақырыбында ҚР БЖҒМ гранттық қаражыландыруға мәлімдемесімен дәлелденді. Жоба ЖТН: АР05133619.

Атап кеткен жөн, Ресей ғылыми сілтемелену индексі МҚ, Білім және ғылым саласында бақылау комитетіне кіретін сілтемеленетін басылымдарда ПО құрамының жариялаымдар бар, олар:

- 2015 ж.: Т.Г.Алимпиева (РҒСИ 2 жарияланым); К.И.Исмагулова (БжҒСБК 2 жарияланым); А.К.Курманова (БжҒСБК 2 жарияланым).

- 2016 ж.: Т.Г.Алимпиева, Н.В. Ким, Н.Е.Урбисина (РҒСИ); А.К.Нурлин, А.Ж. Нурутдинова (РҒСИ).

- 2017 ж.: С.Б.Саутбаева (РҒСИ 2 жарияланым, БжҒСБК 1 жарияланым); А.К. Курманова (РҒСИ); А.К.Нурлин (БжҒСБК); А.С. Смагулова (БжҒСБК); Т.Г.Алимпиева (БжҒСБК); Е.И. Исибаева (БжҒСБК); А.К. Курманова (БжҒСБК 3 жарияланым)

Экономика және менеджмент, Мемлекеттік басқару және маркетинг кафедраларының ПО құрамы «Организация и проведение Форума молодых предпринимателей города Актобе в рамках V Global Entrepreneur Week в Казахстане» шаруашылық келісімшарт жұмысын орындауға қатысты (Келісімшарт №33, 10 қараша 2015 ж.). Проект «Академия Импиджелогии» ЖШС бірлесіп жүзеге асырды. Жобаны қаржыландру 500000 тенге (бес жүз мың) көлемінде. Аға оқытушы э.ғ.к. А.А.Курманалина, аға оқытушы э.ғ.к.Г.Т. Кунуркульжаева, аға оқытушы М.А.Тлеубергенова, Н.Б.Султамуратова, Д.Т.Шакеева, Ш.Т.Нурғалиева жобаны жүзеге асыруға белсенді қатысты, қорытындысында олар орындалу туралы акті алды.

Экономика және құқық факультетінің оқытушылары үшін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Біліктілікті көтеру орталығы ұйымдастырған «Управление человеческими ресурсами: технологии управления» тақырыбында біліктілікті көтеру курсы шауашылық есептік жүргізуінде экономика және менеджмент кафедрасының аға оқытушысы Г.Т.Кунуркульжаева қатысты.

